



# Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

# ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№21 (661)  
21 МАМЫР,  
БЕЙСЕНБІ  
2026 ЖЫЛ

Газет 2013 жылының қыркүйек айынан бастап шығады

КОЛЛАЖ А.НҰР

## ҚАРА РИЕЛТОРДЫҢ ҚАҚПАНЫ



Көлекелі бизнестен бағын тапқан мамансымактар жоқ пәтерді сатады, жалға береді. Мысалы 2024 жылы Бостандық аудандық полиция басқармасына бес шағым түскен. Арызданушылар жоқ пәтерді жалға алу үшін риелторға ақша төлеп, алданған көрінеді. Осылайша 26 жастағы күдікті ұсталып, қамауға алынды.

4 Ай сайынғы шығынды үнемдеп, шаймен бірге талғажау болар тоқашты азайтып, баланың да аузынан жырып ақша жинап, өнді үй алуға бір қадам жақындадым дегенде сан соғып қалуыңыз мүмкін. Иә, бүгінде «мен кімге алдана қоямын» дейміз ғой, бірақ жеме-жемге келгенде алаяқтың арбауына қалай түскенімізді білмей де қаламыз.

Бүгінгі тақырып нарықты игеріп, халықты тонаудың түрлі әдісін меңгерген, сатушы мен сатып алушының жұмысын «жеңілдететін» қара риелторларға арналады.

## ЖЫЛТЫРАҒАН ТЕМІР

### ЖАЙЛЫ ТАРҚАТСАҚ...

Қазір елде қытай көлігіне деген сұраныс жоғары. Оны айналадағы көпшіліктің темір тұлпарына қарап байқау қиын да емес.

Бірнеше жыл бұрын автосалондар саусақпен санарлық болатын болса, қазір қаланың кез келген аймағынан жарнамасы жарқырап тұрған ғимараттары көзге түседі. Одан қалды Армения, Грузия, Дубайдан тасымалдайтын делдалдар әлеуметтік желілерде қызметін жарнамалап әлек. Неге десеніз, ішкі нарықтағы сұраныстың көптігі соншалық, 10-20 жыл пайдаланылған көліктер де жылдам «иесін» тауып кетіп жатады. Жә, бұл мәселенің мәні белгілі. Біздің айтпағымыз, қытай көліктерінің жайы.



КОЛЛАЖ А.НҰР

## ӨЛМЕС ӨНЕРДІҢ КҮЙІ ҚАНДАЙ?



Театр – өнер, ол – тәрбие һәм ой мен сезімнің үйлесімі. Шынымен-ақ, мұнда келген адам көңіл-күймен қатар мән-мағыналы көріністің куәгері атанады. Мұнда бірнеше өнер тоғысады. Би, ән, актерлік қасиет, кейде тіпті спорт. Ал сахна артындағы техникалық қызмет бөлек қошеметті талап етеді. Себебі мұнда 1 секундтың өзі үлкен рөл ойнайды. Талантты мамандар тоғысқан мәдениет орны бағаланбай қалды деудің өзі ойға қонымсыз... Десе де бұл – шындық.

Ж. Шанин атындағы театрдың директоры Дархан Балажановтың «Театрды театр ететін тек көрермен» деген сөзі есімде ұзаққа қалды. Бірақ мәселе көрерменнің бар-жоғында ғана емес, оның қызығушылығында. Кейінгі кездері ұқсас жайтты жиі байқаймыз. «Шолпанның күнәсі» енді шығып жатқан кезде режиссер Берік Ахмедке көрермендер жайлы сұрақ қойды. Сонда ол бізге бойындағы мұның шертті.

КОЛЛАЖ А.НҰР

3-БЕТТЕ

Суреттер ашық дереккөзден алдынды

Индира ЕЛУБАЕВА:

## САЗ ДА, СӨЗ ДЕ – ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ



Ән – жүректің үні десек, сол үнмен көптің көңіл пернесін дөп басқан сазгерлердің бірі – Индира Елубаева. Оның шығармашылығынан туған «Мүмкін емес», «Өмір неткен тамаша», «Биле, биле», «Туған күн», «Жүрегімде жүрсің сен», «Жасыта көрме жігерімді, Алла», «Арқаның аруы Айсұлу», «Жүрек сөзі», «Жолықпадың ертерек», «Үнсіздік» секілді өндері көпшілікке таныс әншілердің орындауында кеңінен таралып, тыңдарманның сүйікті туындыларына айналды. Ән мен сөзді қатар өріп, әр шығармасына жан сырын арқау ететін ақын-сазгердің өнердегі өз жолы, шығармашылық ізденісі мен өмірлік көзқарасы көпшілікке қашанда қызық. Біз өнер иесімен шығармашылық әлемі, тыңдарман талғамы мен бүгінгі қазақ музыкасы жайлы кеңінен әңгіме өрбіттік.

– Ең алдымен, кәсіби мерекеніңбен құттықтаймыз! Өнер жолына бағыт алған шаққа, бала күніңізге шегінсек... Неше жасыңызда алғаш рет сахнаға шығып, неше жасыңызда алғашқы туындыны жаздыңыз?

– Дұрыс айтсаңыз, шынайы өнер адамының бұл жолға келуі көбіне бала күннен басталады ғой. Мен де өнерге ерте әуестенгендердің бірімін. Шамамен 4-5 жасыма ылға келген қонақтардың алдында домбыра ұстап, ән айтып беремін екенмін. Әсіресе «Елім-ай» әнін орындағанды жақсы көретімін. Үлкендер риза болып, батасын беріп, сый-сияпатын ұсынып жатады. Сосын ғана тоқтайды екенмін. Қазір ойлап қарасам, менің ең алғашқы сахнам – өз үйімнің қонақ бөлмесі сияқты. Сол ортада елдің ықыласын сезініп, өнерге деген алғашқы махаббатым оянған шығар.

Ал алғашқы туындыма келер болсам, мектеп қабырғасында жүрген кезімде, шамамен 4-сыныпта анама арнап алғаш рет өлең жаздым. Оны анама оқып берген сәтім әлі күнге дейін есімде. Анам мұғалім болғандықтан, өнер жолының қиындығын түсінді ме екен, әйтеуір менің бұл салада жүргенімді аса құптай қоймағандай еді. Сондықтан алғашқы жазған өлеңдерімді көпшілікке көрсетпей, ішімде сақтап, жасырын жазатынымын.

Бала күнімізде бақша жұмыстарына араласып жүргенде, кейде құлағым өздігінен әуен келетін. Сол әуенді ыңылдап айтып жүретінім. Кейде көңілімді белгісіз бір мұң, кейде керісінше қуанышқа бөлейтін сезімдер тербейтін. Ол кезде оның бәрін өнер деп те түсінбейсің ғой. Бірақ қазір ойланп қарасам, сол ыңылдап жүрген әуендерім менің алғашқы туындыларым екен. Демек, бойымадағы өнердің ұшқыны дәл сол бала күнімде басталған сияқты.

5-БЕТТЕ

Сыңбырлаған үнінен...



## АЛТЫН ҰЯМ, ШЫҒАРМАЙМЫН СЕНІ ЕСТЕН...

Алғаш рет оқу, жазу үйреткен, Өттік біз де мектеп атты белестен. Маман болып, тауды игерер қиң туды, Алтын қам, шығармаймын сені естен!

Ұстаз - ана, аялайды баласын, Әркез қолдар ақышың ол жанашыр. Мектеп, ұстаз - түгесілімес құндылық, Ешкім әлі бере алмаған бағасын.

Салған қиық, қиыстық бар бойымада, Бар сезімің, ықыласың ойымада. Селкеу бермес сеніңге серт болсыншы, Үйітті ақтау парыз болсын мойында.

Қош бол, мектеп - қиыс алтын бесігің, Айқара аштың болашақтың есіңін. Жүректерде мөр боп мәңгі қалады, Мектеп, ұстаз, білім атты осы ұғым!

Шынболат ӘБДУХАЛИ,  
11-сынып оқушысы

## СОҒҒЫ ҚОҢЫРАУДЫҢ СЫҒҒЫРЫ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Мектеп бітіру кеші – кеше ғана әліпби жаттап, жазуды үйренген балалардың ересек өмірге аяқ басар алдындағы соңғы аялдамасы. Бір қарағанда, бұл – он бір жыл бұрын мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің есейіп, осы жылдар ішінде өткерген әрбір сәтпен қоштасу, ұстазға алғыс айтатын жылы кеш. Бірақ бүгінгі қоғамда бітіру кеші қарапайым мерекеден әлдеқашан алыстап кеткен секілді. Оның әлеуметтік жарысқа айналып бара жатқаны, ата-ананың қалтасын қағатын шығынға, кейде тіпті қауіп-қатер мен қайғылы оқиғаға себеп болатыны алаңдатады.

Бүгінде мектеп бітіру кеші оқушы үшін естелік пе, әлде сән мен данғазаға құрылған қысым ба? Бұл сұрақты жыл сайын маусым жақындағанда қайта-қайта көтеріміз.



3

Әрбір жанның жүрегінде мәңгі қалатын, сағынышпен еске алатын кезек болады. Мен атамның өмірінен ешқашан ұмытпайтын, сан жылдың сағынышына айналған тарихи әңгіменің тыңдарманы болдым.

## МЕНИҢ АТАМ – МАЙДАНГЕР



Бірде жазғы демалыс кезінде ауылға барғанымда атамның әлдебір нәрсеге алаңдап, мұнайып отырғанын көріп, жанына барып әңгімеге тарттым. Атамның көңілінің түсу себебі, өз әкесін еске алу екен. Менің жаныма барғанымды күткендей атам әкесі жайлы әңгімені тереннен бастап кетті. Ол соғысқа аттанып, ауылға қайтпаған әкесі жайлы тарихи әңгіме еді.

Қаншама уақыт өтсе де, атамның көзіне қарап, бір мұңды көремін. Ол өз әкесін ес білгелі көрген емес. Атам бір жастан енді ғана асқанда оның әкесі Отандық қорғау үшін сұрапыл соғысқа аттанса керек. Есіне алып, қарап отырар жансыз бейнесі де жоқтың қасы. Атам үшін әкесінің бейнесі – ес біле бастағанда ауыл ақсақалдарынан естіген әңгімелері мен майданға бірге аттанған Дүйсен әкесінің (әкесінің бірге туған бауыры) айтқан естелігі. Ол әкесінің дауысын естігісі келеді, оның кең құшағына тығылғысы келеді. Бірақ соғыс сол бір жылы құшақ пен балалық бақытты тартып алды.

Әр шаңырақтың өз мақтанышы, өз батыры болады. Біздің әулет үшін Отан үшін жанын пиде еткен атам – Жансейіт Оразхожаев. Оның есімі бүгінде «Боздақтар» кітабына енген, бұл – біз үшін үлкен мәртебе. Жансейіт атам 1903 жылы Қызылорда облысының Сырдария ауданына қарасты Ленин ауылдық кенесінде туған екен. Бастауыш білімі болған колхозшы болса керек. Атам жайында Отан қорғау жолында құрбан болған жандарға арналған «Боздақтар» кітабының 146-бетінде: «Жансейіт Оразхожаев Сырдария АӘК арқылы 1941 жылы әскерге алынып, 1428-ДПС, 49-Б құрамында соғысқа қатысқан. 1943 жылы 13 қаңтарда қаза тапқан. Ленинград облысы, Мга ауданы, Гонтовая Липка ауылының оңтүстік-шығыс жағынан 300 м-дей қашықтықтағы бауырластар зиратында жерленген» деген нақты мәлімет бар.

1941 жылдың қатал күзінде майданға аттанған атам небәрі 38 жаста болған. Қатардағы жауынгер ретінде сұрапыл соғыстың ең ауыр нүктесі Ленинградты қорғауға қатысып, ерлік көрсеткен. 1943 жылдың қанды шайқастарының бірінде атам ерлікпен қаза тауып, жат жердегі бауырластар зиратына жерленді. Сырдың бойынан аттанған азаматтың топырағы алыс қырыдан бұйырды. Атамның аты өшпейді, өйткені ол біздің еркін өміріміз үшін жанын қиды. Менің атам – бауырластар зиратында жатса да, біздің жүрегімізде мәңгі тірі майдангер.

Майдангер атамның артында қалған жалғыз тұяғы, менің атам – Иман Жансейітов. Сөз басында әкесі есіне түсіп, мұнағатын атам – осы кісі. Иман атам өз әкесін көрген емес, анасы Дүйсенкүлдің етегінде жүріп, тағдырдың талай қияметін көрген екен. Әке мейірімнен ерте айырылған ұлын шеше байғұс қайткенде де тағдырға мойымауға, аяққа тік тұруға үйреткен. Анасымен бірге жүріп ерте есейген атам шаруашылыққа икемді болған. Еңбекқор анасының арқасында өсіп-жетіліп, нағыз еңбектің отын жаға білген. Әкесі сұрапыл соғыста қатардағы жауынгер болып, ерлік көрсетсе, атам еңбек майданында шыныққан.

Бүгінде Иман атам баба шаңырағының отын өшірмей, өнегелі әулетке айналған. Жасы 80-нен асса да, ауылға сыйлы, ел таныған ардагер қария. Сырдария ауданы, Амангелді ауылының (бұрынғы Ленин колхозы) «Мерейлі отбасы – 2025» байқауының жеңімпазы. Қызылорда облысы бойынша «Өнегелі отбасы» атағын иеленген. Бұл – біз үшін үлкен мақтаныш.

Майдангер атамның ерлігі мен әкемің өнегелі жолы – мен үшін өмірлік бағдар. Біз үлкен атам оралмаған соғыстың қасіретін еш уақытта ұмытпаймыз және оның бейбіт күн сыйлаған ерлігіне мәңгілік тағзым етеміз.

Насихат ИМАН,  
Тәкей Есетов атындағы  
№264 мектеп-лицейдің оқушысы

## «МУЗЕЙ ТҮНІ – 2026»: ЖӘДІГЕРЛЕР СӨЙЛЕЙДІ



Жақында мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің әулетіне тиесілі ХХ ғасырдың басында жасалған сырлы сандықпен таныстық. Бұл қасиетті жәдігер кешеге дейін Темірбек Жүргеновтің ағайын-туысы – Тұңғышбаевтар отбасында сақталса, қазір Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде тұр.

Сандықтың қос қапталындағы нәзік әрі күрделі ою-өрнектер қолмен ойылған, ал қошқар мүйіз, үш гүл, өткізбе, ағаш және шимай олар көркем композиция құрап тұр.

Халықаралық музейлер күніне орай облыстық тарихи-өлкетану музейінің бастамасымен мәдени іс-шара ұйымдастырылды. Міне, дәл осы кеште сырлы сандық секілді қазак тұрмыстың айнасына айналған, қазақ даласындағы қонақжайлық мәдениетін сипаттайтын самаурындар коллекциясы, «Сыр шеберлері» көрме-жәрмеңкесінде қолөнер шеберлерінің ұлттық нақыштағы бұйымдары және «Дала рухы» этноауылымен таныстық. Зиялы қауым өкілдері, мәдениет саласының қызметкерлері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, суретшілер мен қолөнер шеберлері, жастар, студенттер, оқушылар, қала тұрғындары мен қонақтар қатысты. Жиын барысында облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет музей қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, бірқатар маман марапатталды.

Сахна төріне көтерілгендердің қатарында тарихи-өлкетану музейі басшысының орынбасары Жанат Ахметова да бар. Ол өмірінің шамамен 40 жылын музей саласына арнаған білікті маман. Азды-көп сұхбат барысында әріптестерін кәсіби мерекемен құттықтап, көне жәдігерді көздің қарашығындай сақтайтын, өткен мен бүгінді байланыстыратын музейді қарашаңыраққа теңеп, осы салада еңбек ететініне мақтанатынын айтты.

Салтанатты жиын барысында күмбірлеген күй мен ұлттық әуен ойналды, балаларға

арналған аквагрим алаңы мен шығармашылық сабақ, саз балшықтан бұйым жасау шеберлік сағаты өтіп, «Жұлдыздарға саяхат» жобасы аясында телескоп арқылы аспан әлемін тамашалау ұйымдастырылды, сонымен қатар ұлттық ойындар алаңында асық ату, ләңгі тебу, арқан тарту секілді дәстүрлі ойындар ойнатылып, келушілер белсенділік танытты. Арнайы жасақталған заманауи фотозона да жастар үшін қызық болды. Ал түнгі уақытта «Тарихтың түнгі тынысы» атты ерекше экскурсия ұйымдастырылып, қонақтар тарихи жәдігерлермен жақын танысты.

– Музей – өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір. Бұл жерде халқымыздың тарихынан, бабаларымыздың тағдырлы жолынан сыр шертетін баға жетпес құнды жәдігерлер



сақталған. Әрбір экспонат – тұтас бір дәуірдің үнсіз куәсі, ұлт жадын жаңғыртатын рухани мұра. Сондықтан музей тек тарихи орын ғана емес, жас ұрпақтың танымын кеңейтетін, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін маңызды мәдени орталық.

«Музей түні – 2026» іс-шарасы дәстүрлі мәдени жобаға айналды. Жыл сайын бұл кешке қызығушылық танытатын адамдардың саны артып келеді. Биыл да халықаралық музейлер күніне орай арнайы апталық жоспар бекітіліп, соның аясында «Музейдегі бір күн», «Музейге сый» акциялары, жас өлкетанушылар байқауы, музей мамандары мен ғалымдарының қатысуымен семинарлар мен танымдық кездесулер өтті. Бұл бастамалардың барлығы халықтың музейге деген қызығушылығын арттырып, тарих мұраға құрметті қалыптастыруға бағытталған. Мерекелік күн мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР Мәдениет министрі, тарихшы-этнограф Әзбекәлі Жәнібековтің 95 жылдығына арналған «Ұлт рухын ұлықтаған тұлға» атты көрменің ашылуымен басталды. Көрмеде қайраткердің ел мәдениетін дамытудағы өлшеусіз еңбегі мен тарихи мұраны сақтау



жолындағы қызметі кеңінен таныстырылды, – деді музей басшысы Нұрмат Абдуллаулы.

Қонақтардың қатарында жастардың көп екенін байқадық. Мұны экскурсиялық-көпшілік бөлімінің меңгерушісі Эльзира Нағашыбайқызы да ерекше атап өтті. Маманның айтуынша, музейге қызығатын жастардың саны жылдан жылға артып келеді.

Мәдени кеш барысында ұйымдастырылған көрмеге қайта тоқталсақ, самаурындар коллекциясындағы құнды жәдігердің бірі – жез самаурын. Бұл экспонатты музейдің бас қор сақтаушысы Кенжегүл Ибрагимқызы таныстырды.

– Бұл жәдігер музейдің «Жас өлкетанушы – 2022» музейлік ғылыми-білім беру жобасы аясында музей қорына табысталған. Жез самаурынды ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Ресейдің Тула қаласының шебер ұсталары жасаған. Қазақ халқы үшін самаурын тек тұрмыстық бұйым ғана емес, шай ішу мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған ерекше зат болған. Қазақ дастарқанындағы ыстық шай мен самаурынның орны айрықша бағаланған, – деді Кенжегүл Ибрагимқызы.

Сол кезеңдерде жез самаурын аса қымбат бұйым саналған. Мәселен қазақ даласында бір сырдың құны шамамен 1 рубль болса, жез самаурынның бағасы 25 рубльге дейін жеткен.



Сондықтан мұндай бұйымды көбіне ауқатты, зиялы қауым өкілдері ғана сатып ала алған.

«Музей түні – 2026» осылай өтті. Музейге келіңіз, тарихпен танысыңыз, ерекше экспонатты көзбен көріңіз, оқырман!

А.ЖАНӘБІЛ

## «ӨМІР КАДРЛАРЫ – САХНА СЫРЛАРЫ»: ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ



Өнердің күлерегі де сол, ол тарихты бір сәтте тірілтіп жібереді. Онымен қоса бір сахна – бір дәуірдің тынысын, ал бір рөл – бүтін бір ұрпақтың жан жарасын жеткізеді.

Жуырда осындай рухани сабақтастықты дәріптеген тағалымды іс-шараның бірі Бекарыстан би ауылдық мәдениет үйінде «Қазақфильм» киностудиясының 85 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылып, «Өмір кадрлары – сахна сырлары» атты аудандық драма үйірмелеріне арналған байқау өтті.

Қызыл кілем жайылып, ауданның әр ауылынан келген қатысушы қошеметке бөленіп, сахна төріне жиналды. Ал ашылу рәсімінде сөз алған округ әкімі Қ.Құрманбаев «Қазақфильмнің» қазақ руханиятындағы орнына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бұл жолы командаларға сәттілік керек-ақ. Өйткені сен тұр, мен атайын деген өнерпаздардың қарымы қатты, тапсырманың да жүгі ауыр. Байқаудың негізгі бөлімі І кезек форматында өтіп, оған жеті драмалық ұжым қатысты. Қатысушылардың барлығы ІІ дүниежүзілік соғыс тақырыбындағы драмалық қойылымдарын сахналады. Иә, жеңіл тақырып емес. Десе де командалар майдан даласындағы ерлік, оқ пен оттың ортасында қалған сарбаздарды бейнелеп, көрермен жүрегіне жол тапты. Әр ұжым қойылымды тек орындап шыққан жоқ, сахнадағы оқиғаны қайта түсінді, қайта сезінді. Бірі режиссерлік шешім арқылы трагедияны аша алса, енді бірі қарапайым детальдармен-ақ дәуірдің ауыр салмағын жеткізді.

Мәдениет саласының үздігі Болат Жолтаев, мәдениет саласының ардагері, актер Бижан Құрманбаев, Ж.Тұрсынов атындағы

халық театрының режиссері Индира Рсалиева секілді білікті мамандар кәсіби деңгейде баға беріп, қатысушылардың жұмысын саралады.

Байқау қорытындысы бойынша Бозкөл ауылдық мәдениет үйі жанындағы драма үйірмесінің қанжығасы майланып, бас жүлдемен қатар 30 мың теңге ұтты. Ал І орын Бекарыстан би ауылдық мәдениет үйі жанындағы драма үйірмесіне бұйырса, Ақтан батыр ауылының мектеп театры ІІ орын, Майдакөл ауылы және Қ.Пірімов ауылдық клубының драма ұжымдары ІІІ орын иеленді.

Үздіктердің қатарындағы Бекарыстан би ауылдық мәдениет үйі жанындағы драма үйірмесінің жетекшісі, ауылдық мәдениет үйінің әдіскері Шархан Тілеуназаров байқаудың жоғары деңгейде өткенін атап өтті.

– Қатысқан барлық команда үлкен әрі тыңғылықты дайындықпен келген. Әр қойылымнан ізденіс пен жауапкершілік байқалды. Ең бастысы – мұндай іс-шара ауылдық драма үйірмелерінің жұмысын жандандырып, өнерпаздардың шығармашылық белсенділігін арттыруға үлкен серпін береді, – деді Бекарыстан би ауылдық мәдениет үйінің әдіскері Шархан Қуанышылы.

Ал «Үздік актер» номинациясы Қ.Пірімов ауылының өнерпазы Еділ Тайланға берілді. Қалған ұжымдардың да еңбегі бағаланды. Барлығы алғыс хатпен және қаржылай ынталандыру сертификаттарымен марапатталды.

Инжу МАРЖАН

Жеңіс күні – адамзат тарихындағы айтулы, маңызды мерекелердің бірі. Бұл күн бізге бейбіт өмір сыйлаған ата-бабаларымыз бен апаларымыздың ерлігін, от пен оқтың арасында жүрген күндерін еске салады. Осы айтулы мереке қарсаңында білім ордамызда қазақтың қаһарман қызы, Кенес одағының батыры Мәншүк Мәметованың рухына арналған «Мәншүк ерлігі – ұрпаққа үлгі» атты салтанатты іс-шара жоғары деңгейде өтті.

## МӘНШҮК ЕРЛІГІ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Жиынның ашылу салтанатында мемлекеттік ту көтеріліп, гимн ырқалды. Отансүйгіштік сезімді оятқан бұл сәттен кейін, жиналған қауым Мәншүк Мәметованың ескерткіш алаңына гүл шоқтарын қойып, батырдың рухына тағзым етті. Отан үшін жанын қиған боздақтарды еске алу мақсатында жарияланған бір минут үнсіздік кезінде әрбір қатысушының жүрегінде бейбіт күннің қадірі мен батырларға деген шексіз алғыс сезімі ұялады.

Иә, өнегелі сөз жастарға бағдар береді. Іс-шараның тәрбиелік мәнін арттыруда қонақтардың сөзі ерекше рөл атқарды. Колледж директоры Ж.Қ.Тоғанова өз сөзінде жастарды Мәншүктей батыр қыздың қайсарлығынан үлгі алуға шақырса, «Қарулы күштері ардагерлері» РҚБ филиал төрағасы, отставкадағы подполковник Мыңділда Сағидоллаұлы елге қызмет етудің қасиетті міндет екенін тілге тиек етті.

– Отанды сүю – ата-баба аманатына адал болудан басталады. Бүгінгі ұрпақ Мәншүктің ерлігін жадында сақтау арқылы өз болашағын баянды етеді, – деп атап өтті ардагер.

Мәншүк маршы және патриоттық рух «Мәншүк маршы» шеруінде жастардың сап түзеп, нық кадаммен жүріп өткені ерліктің мәңгілік символындай әсер қалдырды. Салтанатты шара патриоттық ән мен күйге ұласып, көрерменге мерекелік көңіл-күй мен ерекше шабыт сыйлады.

Батырлар ерлігі – ешқашан ұмытылмайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жететін қасиетті мұра. Мәншүк апамыздың өшпес бейнесі жастардың жүрегінде отансүйгіштіктің шырағы болып маздай бермек. Батырлар ерлігі – ұрпақ жадында, ал жеңіс рухы – жүрегімізде!

Нұрай ӘМІРХАНҚЫЗЫ,  
Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі



Басы 1-бетте

# СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУДЫҢ СЫҢҒЫРЫ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Қазіргі бітіру кештерінің ең үлкен мәселесінің бірі деп оның қаржылық беталысын айтамыз. Бұрынғы түлектердің естелігінде мектеп ауласындағы қарапайым кеш, ақ көйлек, қолдан тігілген фартур, сыныптан түскен сурет қана болатын. Ал бүгінгі кештің масштабы той индустриясынан кем түспейді-мыс. Тіпті той іспетті өтеді.

Бір түлектің бітіру кешіне кететін орташа шығынды есептеп көрейік. Онда да тек минимум бағалармен ғана. Ешкімнен кем түскін келмейді, сол үшін жақсы киімді аламын деп ата-анаға уәж айтамыз. Сапалысын және ерекшесін аламын деймін, оның құны 30 мыңнан басталады. Келесі кезекте образға сай аяқ киім мен аксессуар қыз бала үшін 15 мыңнан жоғары, ал ер балалардың киімі тіпті бұдан да қымбат. Әрине мұндай күні ерекше макияж бен әдемі шаш үлгісін жасату қыздар үшін – қалыпты жағдай. Біздің өмірде визажистің қызметі 10 мың теңгеден басталса, шашқа кемінде 7-8 мың теңгеден жоғары сомма тастап кетесіз. Бұл да, әрине, шашыңның қалыңдығы мен ұзындығына байланысты.

Одан бөлек, міндетті түрде жасалу керек фотосессия бар, оның құны 15 мың теңге. Мейрамхана адам басына 20-50 мың теңге көлемінде сұрайды, себебі асаба, шоу бағдарлама, әнші шақыру ортақ шығын есебінен жүздеген мың теңгені қажет етеді. «Кортж жасамасақ, оның несі бітіру кеші?» деп санайтындар көлік жалдап, қаланың әдемі жерлерін аралауды қалайды. Бұл да арзан қызмет түріне жатпайды. 50-100 мың теңгеге жетіп жығылады. Мұнан басқа, таңды қарсы алу керек деп тағы жүреміз, одан қалды қоттедж жалдауды немесе демалыс базасына баруды таңдаймыз. Осының бәрін қосқанда бір оқушыға

жұмсалатын қаражат кейде 500 мыңнан асып кетеді.

Қоғамда «балам ешкімнен кем болмасын» деген түсінік қалыптасқан. Сол себепті кей ата-ана өз мүмкіндігіне қарамай, әлеуметтік қысымның жетегінде кетеді.

– Биыл Мансұр есімді балам

11 сыныптың түлегі. Өткен жылы да бір балам мектепті аяқтаған еді.

Мансұр емтиханға ден қою мақсатында, сондай-ақ қаржылық келіспеушіліктеріне байланысты өз еркімен бітіру кешіне қатыспаймын деп шешті. Оның орнына өзі жақсы араласатын сыныптастарымен уақыт өткізбек.

Байқағаным, көп оқушының аталған салтанатты кешке деген қызығушылығы бәсеңдеген. Осындай іс-шараларға қомақты көлемде қаражат жұмсауды ысырап көреді екен. Себебі тойханалар қымбат, оның үстіне фотосессиялары бар, қосымша ҰБТ-ға дайындайтын курстары және тағысы тағы. Әйтеуір мектеп біткенше қалтамыздағы тиын бітіп қалмаса екен деп отырамыз, – дейді қала тұрғыны Салтанат Әскербекқызы.

Ал заң не дейді? Кейінгі жылдары Қазақ-

танда мектеп бітіру кештеріне қатысты бақылау күшейді. Білім басқармалары жыл сайын ата-аналарға да, мектептерге де арнайы ескерту жасайды.

Мектеп әкімшілігіне ақша жинауға, салтанатты кешті өткізуге, қортеж ұйымдастыруға, су айдындары мен қауіпті орындарға баруға тыйым салынып келеді. Себебі дәл осындай кештердің соңы қайғылы жағдайларға ұласқан кездер аз емес.

Сол себепті жауапты органдар қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударады. Алайда ресми тыйымдардың өзі мәселені толық шешіп отырған жоқ. Өйткені көп кеш мектептен тыс жерде, мейрамхана немесе қоттедждерде жалғасады.

– Бірінші кезекте, бітіру кештерін ұйымдастыру ба-рысында автошерулерге жол берілмейді. Бұл – түлектердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Сонымен қатар, полиция басқармасы қызметкерлерімен бірлесіп мектеп әкімшіліктеріне, ата-аналарға және жастарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Бітіру кештері мен түрлі отырысты заңды өкілісіз, яғни ата-аналардың қатысуынсыз өткізбеу жөнінде нақты нұсқаулар берілуде. Негізгі мақсат – жастардың қауіпсіздігін сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу.

Жалпы профилактикалық және ақпараттық жұмыстар бітіру кештеріне

дейін де, одан кейін де тұрақты түрде жалғасады. Қала аумағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы шаралар күнделікті бақылауда. Бұл жұмыстарға құқық қорғау органдарының қызметкерлері, білім беру ұйымдары, жастар ресурстық орталықтары және ата-аналар қауымдастығы бірлесіп атсалысады.

Рейдтік шаралар барысында кәсіпкерлік нысандар, соның ішінде мейрамханалар, ойын-сауық орталықтары, кафе-барлар бақылауға алынады. Егер хабарланбаған немесе заң талаптарына сәйкес келмейтін түлектердің жеке жиналу кештері анықталса, заңды өкілдері шақыртылып, тиісті түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Қажет болған жағдайда отырыстар тоқтатылып, қауіпсіздік талаптарының сақталуы қадағаланады. Негізгі мақсат – жастар арасында құқық бұзушылыққа жол бермеу және мерекелік кештердің қауіпсіз жағдайда өтуін қамтамасыз ету, – дейді Қызылорда қалалық жастар орталығының директоры Медет Жорабек.

Сонда бітіру кеші мүлде болмауы керек пе? Қоғамда екі түрлі пікір бар. Бірі мұндай кештерге толық тыйым салу керек десе, екіншісі бұл әр адамның өмірінде бір-ақ рет болатын ерекше сәт екенін еске салады.

Шынында да, мектептен қоштасу адам өміріндегі эмоционалды кезеңдердің бірі. Кеше ғана бірге өскен сыныптастар әр қалаға, әр жолды таңдап бір-бірінен алыстайды. Кей адамдар үшін мектептегі соңғы кеш

– өмір бойы сақталатын ең қымбат естелік.

– Биыл он бір жылдық үлкен кезеңді аяқтап, мектеп қабырғасынан түлеп ұшамыз. Қимастық та бар, қуаныш та жеткілікті. Осыншама уақытты бірге өткізген сыныптастарыммен ажырайтын кездің келгеніне таңғалып жүрміз. Бітіру кешінің мәні де осы шығар. Өткенге көз тастап, қорытынды жасап, жаңа кезеңге жаңа деммен тыныстау үшін керек деп ойлаймын. Әрине қазіргі бағалардан басың айналады. Бірақ онсызда емтиханды ойлап, стресс сезініп жүрген балалар үшін бір күн бітіру кешінде көңіл көтеріп, мектептен әдемі қоштасудың еш айыбы жоқ деп ойлаймын. Бұл кеш – тек сән-салтанат емес, балалық шақпен қоштасып, үлкен өмірге қадам басар алдындағы ерекше естелік. Сондықтан бітіру кеші әр оқушының жүрегінде жылы әсер қалдыратын, ұмытылмас күн болуы керек. Ең бастысы, сол сәттерді қадірлеп, бірге өткізген уақыттың бағасын түсіну, – дейді 11 сынып түлегі Сәзім Жомартқызы.

Егер кеш бәсеке мен даңғазадан арылса, шынайы эмоцияға құрылса, онда оның тәрбиелік мәні де жоғары болар еді. Ұстазға алғыс айтылып, ата-ананың еңбегі бағаланып, достықтың қадірі сезілсе – мұндай кештің жөні бөлек.

Бірақ бүгінгі қоғамға дәл осы тепе-теңдік жетпейді.

Қорлан САРЫ



Суреттер «ЖИ» арқылы жасалған

Басы 1-бетте

# ӨЛМЕС ӨНЕРДІҢ КҮЙІ ҚАНДАЙ?

– Алматы, Астана секілді үлкен қалаларда ғана театр көрермені көп. Өйткені мәдениет қалыптасқан. Ол жақта билет бағасы қымбат болса да, 1-2 ай бұрын алдын ала брондау, аншлағ – қалыпты құбылыс. Біздің аймақта өкінішке қарай, әлі де мұғалімдерді, студенттерді, мектеп оқушыларын «күштеп» әкелу үрдісі тыйылмай тұр. Бұл – жүрекке қауіп түсіретін жайт. Шығармашылық ұжым бір қойылым үшін айлап дайындалады, бүкіл күш-жігерін сарп етеді, бірақ сахна алдындағы көрермендер өз еркімен келмесе, актердің де шабыты сарқылары анық, – деп айтқан еді ол.

## ЗАҢ БАР МА?

Бүгінде Қазақстанда 70 театр жұмыс істейді. Мәдениет және ақпарат министрі Анда Балаева «2024 жылы 396 гастрольдік сапар ұйымдастырылса, оның 350-і ел ішінде, 46-сы шетелде өтті. Отандық театрларда 9 мыңға жуық маман жұмыс істейді, оның 4200-і шығармашылық ұжым өкілдері. Бір жыл ішінде Қазақстанның мемлекеттік театрлары 200-ден астам жаңа қойылым қойды, олардың 107-сі отандық авторлардың шығармалары негізінде сахналанған» деп театрдың жұмысымен бөліскен еді.

Атқарылған іс аз емес. Десе де

театрға байланысты бірнеше күрделі мәселе бар. Соның бірі – заң. Қазақстан театр сыншылары бірлестігінің президенті, театртанушы Анар Еркебай аталған мәселе туралы пікір білдірді.

– Бүгінде көптеген шет мемлекетте, тіпті посткеңестік елдердің өзінде, театр қызметін нақты реттейтін заң бар. Бұл заңда театрдың қызметі, құрылымы, міндеттері және шығармашылық бағыттары нақты жазылған. Ал бізде бұл мәселе бірнеше жылдан бері көтеріліп жүргенімен, заң тұрғысында әлі нақты шешімін таппаған. Сол себепті осы заңды жасау үшін арнайы жұмыс тобын құрып, театр саласының тәжірибелі мамандарын тартып, нақты тапсырмалар беру қажет деп санаймын, – деді ол.

Қазақстанда театр қызметін реттейтін арнайы заңның жоқтығы бұл саланы «бассыз» қалдырып отыр. Посткеңестік елдердің көбі бұл мәселені әлдеқашан шешіп алған. Біздегі театрлар жалпылама «Мәдениет туралы» заңның бір тармағы ретінде ғана қарастырылады. Сол себепті гастрольдік сапарға шыққанда театр сол елдің авторлық құқық мәселесімен бетпе-бет келеді. Сонымен қатар мекеме басшысының құқығы мен міндеттері заң аясында қарастырылмаған. Олар әкімшілік жұмыспен қатар шығармашылыққа да жауапты. Көбіне театр директоры – әрі менеджер, әрі шығармашылық жетекші, әрі шаруашылық меңгерушісі. Сондай-ақ, актерлердің әлеуметтік қорғалуы, олардың еңбек жағдайы да осы заңның жоқтығынан ақсап тұр.

– Облыстық театрлардағы актерлердің жалақысы өте төмен. Мысалы жас актерлердің айлығы 110 мың теңгеден басталады. Бұл сомамен пәтер жалдау, тамақ, киім және жүріс-тұрыс шығындарын жабу мүмкін емес. Тіпті тәжірибелі актерлердің өзі

250-260 мың теңгеден аса алмай отыр. Сондықтан актерлер қосымша табыс көзін іздеуге мәжбүр.

Сонымен қатар, көптеген жас мамандар облыстық театрларға барғысы келмейді, себебі әлеуметтік қолдау көрсетілмейді. Кейбір театрлар ғана пәтер жалдауға көмектеседі, ал көпшілігі мұндай мүмкіндіктен мақұрым, – дейді Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры Анар Еркебай.

## ТЕАТРҒА ЖАҢА ЛЕП КЕРЕК

Театр сұраныс бар туындыларды сахналайды. Берік Ахмедтің пікірінше, театр – тек драма емес. Бұл детектив, хоррор, романтика, триллер.



Суреттер «ЖИ» арқылы жасалған

Яғни барлық жанрдың қосындысы. Бірақ театр тек бір тақырыптың аясында қойылым қоюға мәжбүр. Аталған жанрларды кино саласынан да көп көре бермейміз. Басым көпшілігі көрермен сұранысымен комедия, романтика, драма жанрын экранға шығарады. Бүгінгі көрермен – Netflix пен Голливудтың өнімін көріп өскен ұрпақ. Оларға тек ғасыр бұрынғы тра-

гедияларды сол баяғы ескі сарымен ұсына беру – театрды мұражайға айналдырумен бірдей.

Профессор Меруерт Жақсылықтың «Драматургия – Актерлік шеберлік – Режиссура» ұштағаны туралы сыны бар. Біздегі басты қасиет – фольклор мен тарихты заманауи тілде сөйлете алмауымыз.

– Қойылымдарда дәстүрді білмейтін режиссерлер, тарихқа, фольклорға қызықпайтын драматургтер жұмыс істеуде. Бізде мифология да, аңыз-дастандар да көп, бірақ соны сахнаға шығарып жүргендер аз.

Шеберлік сабақтары қажет. Теория мен практиканы қатар алып жүру – әрбір театр актерінің күн тәртібіне енуі тиіс, – деген ұсыныс тастаған еді ол.

да артар ма еді... Себебі бүлдіршіндерге арналған туындылар жоқтың қасы.

– Алайда бұл бағытқа бірізділік пен жаңашылдық жетіспейді. Айталық, балаларға арналған пьесалар саны өте аз. Бұл – театрлардың репертуар саясатына үлкен сын. Мысалы, Бердібек Соқпақбаевқа арналған былтырғы театр фестивалінде төрт-бес театр ғана «Менің атым Қожа» шығармасын сахналаған. Ал қазіргі заман балаларына арналған жаңа пьесалар мүлдем жоқтың қасы, – дейді театртанушы Бақыт Нұрпейіс.

Оның айтуынша, қазіргі басты мәселе – драматургпен тұрақты жұмыс жүргізілуі. Бүгінде елімізде жас буын режиссерлер мен драматургтердің саны артты. Дегенмен олардың спектакльдері көрермен назарына ұсынылмай жатыр. Жүзден астам жаңа буын мамандары бар болса да, сахнада олардың еңбектері көрінбей жатыр. Оларды театрларға орналастыруда жүйелілік жоқ. Театрлар мен оқу орындары арасында келісімшарт жүйесі қалыптаспаған. Бұл – театр мен білім ордаларының байланысын нығайтуды қажет ететін мәселе.

Егер біз жас драматургтердің қазіргі қоғам мәселесін көтеретін туындыларын сахналасақ, театр мен қоғам арасындағы байланыс біржола үзіледі. Көрермен өзінің бүгінгі күнкірді, күнделікті үйде болатын мәселені сахнадан көрмеген соң, театрдан теріс айналып кетуі мүмкін.

Театр – өлмейтін өнер. Бірақ ол үнемі жаңарып отыруды талап етеді. Руханият бесігін тербету үшін оның ішіндегі алауды сөндіріп алмауымыз керек. Бұл осы саладағы мамандықтың ғана мойнына жүктелген парыз емес. Біз көрермен ретінде де үлес қоса аламыз. Есіңізде болсын, болашақ – біздің бүгінгі шешімдерден құралады.

Мейір НИЕТ

Басы 1-бетте

# ҚАРА РИЕЛТОРДЫҢ ҚАҚПАНЫ

Сол жылы мамырда Қарағанды облысы Полиция департаменті бір топ азаматтың әрекетін тоқтатты. Олар 14 пәтерді заңсыз рәсімдеген. Ал былтыр Астанада 45 жастағы әйел адам өзін тәжірибелі риелтор ретінде таныстырып, пәтер алып беремін деп әлеуметтік желі арқылы жұмыс істеген. Мамандардың айтуынша, ол бірнеше тұрғыннан әртүрлі көлемде алдын ала төлем алған. Ал бастапқыда сенімге кіру мақсатында пәтерлердің суретін, құжатын көрсетуден де тайынбаған көрінеді. Кейіннен уәдесін орындамай, түрлі сылтаумен ақшаны қайтармаған. Сол уақытта тәртіп сақшылары осыған ұқсас 30-ға жуық эпизод бар екенін анықтады. Шығынның мөлшері – 175 миллион теңге. Ал 29 жастағы әйел «Krisha.kz» сайтында үйлерді жалға беру туралы жалған хабарландырулар

жариялаған. Жәбірленушілерге Астана, Алматы қалаларында және «Бурабай» демалыс базасында үйлерді жалға беруге уәде еткен. «Жедел іс-шаралардың нәтижесінде полиция қызметкерлері күдіктіні анықтап, қолға түсірді. Ұсталған азамат кінәсін мойындады. Күдіктінің 5 эпизодқа қатысы бар екені анықталды», – деген еді сол уақыттағы жауапты мамандар.

«Ай-ай, риелтор» деп отқанымызда, мына бір деректі көз шалды. 24 жастағы Қазақстан азаматы өзін жылжымайтын мүлік бойынша агент, риелтор деп таныстырып, бірнеше адамның ақшасын иемденген. Мұндай кәсіпті 2018 жылы бастап, арада бір жыл өткен кезде ұсталған көрінеді. Ол да әлеуметтік желі арқылы жұмыс істеген. Ең сорақысы мұндай алаяқтық тәсілін Нью-Йоркте іске асырған.

## ЗАҢ ЖОҚ ЖЕРДЕ, ДЕЛДАЛДЫҢ ДЕГЕНІ БОЛАДЫ

Неге заң бұзып, қомақты қаржы тауып, пайдаға кенелмеске?! Себебі риелторлық қызметке, риелторларға арналған арнайы заң, тіркейтін құжат та жоқ. Төтеннен келген әркім өзін маман ретінде таныстырып, әрине айласын асырады.

– Қазақстанда риелторлық қызметке қатысты мәселе әлі де өзекті. Қазір елімізде риелторлардың қызметін толық әрі жеке реттейтін арнайы заң жоқ. Яғни «Риелторлық қызмет туралы» дербес заң қабылданабаған. Сол үшін бұл салада бірінғай лицензиялау, міндетті кәсіби талаптар немесе қатаң бақылау тетіктері толық қалыптаспаған, – дейді заңгер Азамат Марат.

Бірақ кінәлі қайтсе де жазалануы керек қой...

– Иә, риелторлардың әрекеті жалпы азаматтық қылмыстық және тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамалармен реттеледі. Егер азамат алаяқ риелтордың әрекетінен зардап шексе, ол құқық қорғау органдарына арыз жазып, келтірілген шығынды өндіруді талап ете алады. Мұндай іс көбіне Қылмыстық кодекстегі алаяқтық баптар бойынша қаралады. Егер риелтор жалған ақпарат беріп, сенімге кіріп ақша иеленсе немесе бір мүлікті бірнеше адамға ұсынып, алдын ала төлем

күшейту қажет. Бұл әрі азаматтардың қауіпсіздігін арттырады, әрі нарықтағы адал мамандардың беделін қорғайды, – деп түсіндірді заңгер.

Құжат мәселесі бойынша толық ақпарат алу үшін Қазақстан риелторларының өзін-өзі реттеу қауымдастығының президенті Лариса Степаненкомен байланысқа шықтық. Оның айтуынша, қазір Қазақстанда риелторлық қызметті лицензиялау қарастырылмаған. Дегенмен кәсіби жұмыс істеу үшін кәсіпкерлік субъекті ретінде ресми тіркелу, клиентпен жазбаша келісімшарт жасау, кәсіби стандарттарды сақтау, білімін жетілдіру және біліктілігін арттыру секілді маңызды қадамдарды орындау қажет. Кәсіби бірлестіктер берген сертификаттар маманның құзыретін қосымша растайтын құжат ретінде бағаланады.

Ақша қолда, ал көзін телефондағы «Krisha.kz»-те. Ұнаған үйді, мүлікті көрдің, хабарластың, бірақ тұтқаны шаңырақтың иесі емес, риелтор алады да, көргің келсе «мынша ақша аудар» дейді. Әрдайым алдын ала төлем арқылы жұмыс істейтін олар ойына келген сомманы айта салады. Сол секілді риелтордың жалдаған сатушы да қомақты көлемде қаржы төлейді.

Жылжымайтын мүлікті риелторлық қызмет арқылы сату да, алу да қымбат екенін түсіндік. Ал келесі жылдары қызметтің бағасы тағы да өсуі мүмкін. Себебі алдағы үш-бес жылда жылжымайтын мүлік нарығындағы сандар қымбаттайды. Сәйкесінше риелтордың да құны өзгермек. Ал дербес заң секілді, алдын ала төлем мен комиссия мөлшерінің де бекітілген көлемі жоқ. Енді еске түсірек, риелтордың негізгі міндеті қандай еді?


– Кәсіби риелтордың жұмысы тек сатып алушы мен жалға алушының іздеумен шектелмейді. Бұл нарықты талдау, нысанды таңдау, келіссөз ұйымдастыру, құжаттарды тексеру, заңдық және қаржылық мәселелер бойынша кеңес беру, мәмілені рәсімдеу процесін сүйемелдеу және клиент үшін ықтимал тәуекелдерді азайту жұмыстарынан тұратын кешенді қызмет. Риелтордың басты міндеті – клиенттің мүддесін қорғау және мәміленің қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету.

Кәсіби риелторлар мен алаяқтардың әрекетін бір деңгейде қарастыруға болмайтынына назар аударған жөн. Нарықта адал жұмыс істеп жүрген мамандар үшін ең басты мақсат – саланың ашықтығын арттыру, кәсіби стандарттарды қалыптастыру және азаматтардың жылжымайтын мүлік нарығына деген сенімін күшейту, – деді Лариса Владимировна.

## ПСЕВДОМАМАНДАР АЙЛАСЫН ҚАЛАЙ АСЫРАДЫ?

Ал кара риелторлар қалай әрекет етеді? Мамандар олардың жұмысында жиі қайталанатын бірқатар алаяқтық схема бар екенін айтады.

– Олар жалған хабарландыру жариялап, бірақ нарықтағы бағададан әлдеқайда төмен



баға ұсыну, пәтерді резервте ұстау үшін немесе алдын ала төлем талап етіп, кейін байланысқа шықпау, үй иесінің атынан жалған сенімхат жасап, бөтен мүлікті заңсыз сату, жалға беру, жалған мекенжай жазу секілді тәсілдерді қолданады.

Иә, алаяқ риелторлар ұсталады. Бірақ мұндай істерде дәлел өте маңызды. Жәбірленуші полицияға неғұрлым ерте жүгінсе және қолында келісімшарт, түбіртек, хабарлама секілді айғақтар болса, істің ашылуы мүмкіндігі де соғұрлым жоғары болады.

Өкінішке қарай, көп азамат келісімшартты құжат жүзінде заңдастырмайды, кей жағдайда ақшаны бергенін дәлелдейтін түбіртегі де болмайды. Мұндай жағдайда алаяқтың әрекетін әшкерелеу өте қиын. Сондықтан кез келген риелторлық қызметке жүгінген кезде міндетті түрде жазбаша шартпен рәсімделуі керек, ақша аударымын банк арқылы жасап, барлық хабарлама мен құжаттың сақталғаны дұрыс, – дейді заңгер Азамат Марат.

«Үйдің иесі қазір қалада емес», «құжатты сәлден кейін жіберемін». Бұл да алдап-арбаудың өтімді жолы. Қаймана қазақ әркімді өзіндей көріп, Құдайдай сенеді ғой. Ал оны арамзалар өзінің пайдасына шешіп әлек болады.

Бизнестің көлеңкесінде жүргендердің құрбаны болмау үшін компанияның немесе маманның ресми тіркеуін тексеру, келісімшартты қол қоймас бұрын мұқият оқу, көрсетілетін қызмет түрлерін және сыйақы мөлшерін нақтылау, төлем құжаттарын сақтау, құжаттардың түпнұсқасын бермеу қажет, қолма-қол түлнмен сақ болу ұсынылады. Сонымен қатар маманның беделін, бұрынғы клиенттердің пікірін және жұмыс тәжірибесін алдын ала зерттеген жөн. Осындай саяси адал шаралармен бөліскен Қазақстан риелторларының өзін-өзі реттеу қауымдастығының президенті Лариса Степаненко псевдо-риелторды қалай анықтауға болатынын да айтты.

– Келісімшарттың, тіпті кеңсенің болмауы, реквизиттер мен құжаттарды көрсетуден бас тарту, қызметтің ақысын шұғыл төлеуді талап ету, «таныстар арқылы шешіп беремін» деген уәделер, қысым жасау және шарттарды толық түсіндіруден қашу – міне, кәсіби риелтормен алаяқты осы секілді белгілер арқылы ажыратуға болады, – дейді Лариса Владимировна.

Мұндайда расымен қырағылық керек. Егер бұл белгілерге мән бермесеніз, сан соғып қаласыз. Мысалы 28 жастағы Алина есімді қызылордалық тұрғын Қарағанды қаласына демалуға барып, алаяқтарға алданған. Жайлы, таза пәтер тапқанына қуанып, үйді басқа адамға беріп қоймау үшін «үйдің иесіне» 23 мың теңге аударған. Ал Қарағандыға табан тірегенде пәтер де, риелтор да жоқ, далада қалды. Жай ғана пәтер жалдаймыз деп арбалғанға қарап, жылжымайтын мүлікті саудалағанда тіптен сақтық керек екенін осыдан-ақ түсінесіз.

Қалай десек те, үй алу мәселесі – әр адамның арманы, болашағы, берекесі, жылдар бойғы жиған-тергенінің нәтижесі. Ал сол жолға көлеңке түсіріп әлек болып жүрген кара риелтор, алдап ақша жинаймын деп, өзгенің обалына қалмаңыз!



**Жаркынбек АМАНТАЙҰЛЫ,**  
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

«Иә, риелторларға қатысты арнайы заң немесе заңда оған қатысты түсінік енгізілуі керек, келісемін.

Нарық еркін болған соң түрлі риелторлық компания жұмыс істейді, клиенттеріне қолайлы жағдай жасайды. Бірақ қызметтің де құны кейде қолжетімсіз болады. Рас. Жылдар бойы жинаған қаражатына баспана аламын дегенде риелторлық қызмет көрсететіндер жарты немесе бір миллионға жуық ақы сұрайды.

Өзіңіз айтқан кара риелторларға келсек, олар кімнің қандай мүмкіндігі бар екенін де шамалап түсінеді. Соған орай құқықтық қаржылық сауаты төмен адамдарды пайдаланады. Мысалы келісімшартқа алдын ала қол қойдырып, кейін өзі ұсынған үйлерден бас тартқан жағдайда шартта көрсетілген мөлшердегі сомманы төлеуге мәжбүрлейді. Өзім де осындай жағдайдың куәсі болдым. Жәбірленушінің құқығын қорғап, бұл іске араласып, оныан шешілуі үшін жұмыс істедік.

Риелторлардан бөлек әр банкте брокерлер бар. Олар тұрғын үйге кезекке тұрғызу, кезекті жылжыту, арнайы жеңілдікпен мемлекет субсидиялаған бағдарламаларға тіркеу секілді қызмет көрсетеді. Ал шындығына келгенде, бұл есепте тұрған азаматтардың ақысына кіру, жолын бөгемеумен тен. Осы әрекеттерді де заңға қайшы деп есептеймін. Әрине, барлығына бірдей топырақ шашпаймыз. Өте сауатты, білікті, қызметін адал орындайтын мамандар бар. Бірақ әлеуметтік желіде жарнамасы да ашық жасалатын, бастапқы жарна сұрамай, тіпті несие төлей алатын мүмкіндігінді растамай-ақ кезекке тіркейтін брокерлердің де жұмысына бақылау орнату керек. Тексеру жүргізу немесе банк қызметкерлеріне мұндай қосымша қызметпен айналысуға тыйым салу қажет.

Қазіргі цифрландыру заманында барлық азамат дағдыларын дамытса, өзі де заңды түрде кезекке орналасып, өзіне қажет барлық қызметті жасай алады. Мысалы бүгінде жалған нотариус та кездеседі. Сөзіңізге қосыламын. Жалған келісімшарт, қолхат арқылы азаматтардың сеніміне кіріп, сол арқылы алдайды. Бұл да алаяқтық схеманың бір жолы ретінде қарастырылу керек.

Әуелі заңда материалдық норма ретінде риелторлық қызмет туралы ұғым, кейін жауапкершілігі қосымша қаралуы керек деп ойлаймын».



жинаса, бұл қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін.

Менің ойымша, қазіргі жағдайда риелторлық қызметті лицензиялау, бірінғай реестр енгізу және кәсіби жауапкершілікті міндеттеу мәселесін

## 1,5 ТОННА АВТОКӨЛІК ДӨҢГЕЛЕКТЕРІНІҢ ҚАЛДЫҒЫН ЗАҢСЫЗ ТАСТАҒАН



**Түркістан қаласында қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.**

Профилактикалық іс-шаралар барысында полиция қызметкерлері Қы-

зылорда тас жолы бойында орналасқан көлік желімдеу орталығының жұмысшыларының белгіленбеген орынға шамамен 1,5 тонна автокөлік дөңгелектерінің қалдығын тастағанын анықтады. Сондай-ақ Тәуке хан даңғылы бойында құрылыс қалдықтарын рұқсат етілмеген жерге төккен тұрғын белгілі болды.

Аталған деректер тәртіп сақшыларының бейнежетонына тіркелген. Құқық бұзушылықтар бойынша кінәлі тұлғаларға абаттандыру қағидаларын бұзғаны үшін әкімшілік шаралар қолданылды.

Тәртіп сақшылары қала тұрғындарын тазалықты сақтауға, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға және белгіленген талаптарды қатаң ұстануға шақырады.

## КИБЕРҚАУІПСІЗДІК: ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Киберқылмыстың алдын алудың ең тиімді жолы – азаматтардың жеке сақтығы мен кибергигиенаны сақтау мәдениеті. Бұл туралы ҚР ІМ Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаментінің бастығы Жандос Сүйінбай атап өтті. Оның айтуынша, әрбір азамат күнделікті өмірде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтауы қажет.

– Карта дерегін, пароль, SMS-кодтарды және жеке мәліметтерді бөгде адамдарға бермеу маңызды. Сондай-ақ бейтаныс адамдар жіберген сілтемелерге өтпеу, олардың өтініші бойынша қосымшаларды орнатпау қажет. Интернеттегі «өте тиімді» ұсыныстарға да сақтықпен қараған жөн. Егер «банкте» қоңырау шалып, ақшаны шұғыл аударуды немесе SMS-кодты хабарлауды талап етсе, бұл – алаяқтар, – деді спикер ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында.

Ведомство өкілі құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейтінін ескертті.

– Әлеуметтік желілерде қырағы болыңыз. Егер



танысыңыз хабарласып, ақша сұраса, оған жеке қоңырау шалып, ақпаратты нақтылаған дұрыс. Бейтаныс адамдарды достар қатарына қоспаңыз, күдікті файлдарды ашпаңыз және танымал адамдарға ақша жібермеңіз, – деді Ж.Сүйінбай.

Бетті дайындаған Ә.ЖАНӘБІЛ



Басы 1-бетте

– Қазіргі қазақ музыкасының дамуына көңіліңіз тола ма? Қай бағыттар қуанып, қай тұстары алаңдатады?

– Көңілім толатын тұстары да бар, толмайтын тұстары да жетерлік. Кейінгі кезде бейбәт сөздер араласқан, мағнасыз мәтіндер мен жеңіл әуендердің көбейіп бара жатқаны қатты алаңдатады. Өнердің негізгі миссиясы – қоғамды тәрбиелеу, адамның рухани дүниесін байыту. Ал ән мен өлең ұрпақтың санасына тікелей әсер етеді. Бүгінгі жастар қандай ән тыңдап өссе, ертеңгі ой-санасы да соған қарай қалыптасады. Сондықтан әннің жүгі өте ауыр деп ойлаймын.

Меніңше, әнге ғашық адам руханияттан алыс болмайды. Өнерді жүрегімен сезінетін адамның жан дүниесі де бай емес пе?! Ал рухани әлемі жұтаң адамның болашағы да толыққанды жарқын болады деп айту қиын. Міне, қазіргі қоғамда адамның ішкі жан дүниесін байытатын, ойландыратын, тәрбиелейтін әндер азайып бара жатқандай көрінеді. Осы жағы мені қатты алаңдатады.

Дегенмен, қазақ музыкасының қуантар тұстары да өте көп. Қазір талантты жастардың жана буыны қалыптасып келеді. Соның ішінде әлемге қазақтың атын танытып жүрген Димаш секілді дарындарды ерекше мақтанышпен айтуға болады. Оның жолына қарап қаншама жас шабыт алып, өз бағытын іздеп жүр. Дауысы мықты, таланты ерекше, ізденісі бар жастар өте көп. Бұл – қазақ өнерінің болашағы бар деген сөз.

Бірақ кейде сол жастардың нақты бағыты мен мақсаты болмайтыны қынжылтады. Өнерді халыққа қызмет ету, тәрбие құралы ретінде емес, тек атақ-даңқ пен танымалдылық жетудің жолы ретінде қабылдайтындар көбейіп бара жатқандай. Ал оның ықпалы кейінгі өсіп келе жатқан буынға міндетті түрде әсер етеді. Себебі жастар өзінен үлкен буынға қарап бой түзейді.

Мысалы, кейде қызымнан: «Қандай ән тыңдайсыңдар?» деп сұраймын. Сонда ол: «Мама, қазір вайб болса болды, сөзіне ешкім мән бермейді», – дейді. Осы жауаптың өзі көп нәрсені аңғартады. Яғни қазіргі жастар үшін әннің мағынасынан бұрын, эмоция сыйлауы, көңіл-күй беруі

бірдей сапалы, тәрбиелік мәні бар дүние деп айта алмаймыз.

Бұрын, мысалы, Кеңес үкіметі кезінде «Көркемдік кеңес» деген болды. Қандай ән, қандай шығарма болсын, сараланып, сүзгіден өтіп барып қана халыққа ұсынылатын. Әрине, оның да өз кезеңіне тән кемшіліктері болған шығар, бірақ шығармашылыққа

**Индира ЕЛУБАЕВА:**



деген жауапкершілік жоғары еді. Қазір де өнерге белгілі бір деңгейде талап пен талғам қажет сияқты. Әннің мәтініне, мазмұнына, тәрбиелік мәніне назар аударылып, іріктелген дүниелер көбірек насихатталса, халықтың да талғамы біртіндеп түзелер еді деп ойлаймын.

– Мәдениет саласында еңбек етіп келе жатқаныңызға қанша жыл болды? Сала қызметкерлерінің еңбегі лайықты бағаланып жүр ме?

– Мәдениет саласында 1999 жылдан бері еңбек етіп келемін. Бұл сала сырт көзге жарқырап көрінгенімен, шын мәнінде үлкен еңбек пен төзімді талап ететін орта. Өнер адамы үшін ең үлкен бақыт – халықтың ықыласы мен құрметі. Ал енді «мәдениет саласы қызметкерлерінің еңбегі лайықты бағаланып жүр ме?» деген сұраққа келсек, әрине, кейде өз деңгейінде бағаланып қалып жататын тұстар болады. Біреудің еңбегі ертерек еленеді, біреудікі кешірек бағаланып жатады. Бірақ қалай болғанда да, әр адам өзінің еткен еңбегіне, төккен теріне сай құрмет көруі керек. Жұмыс барысында түрлі мәдени іс-шараға қатысып, халықтың алдында жүресің, көзіне түссесің. Алайда жұмыстан бөлек, жеке шығармашылық тұрғыдан бағамды халықтан алып жүрмін. Әнімді тыңдап, концерттеріме келіп, ықыласын білдіріп жатқан тыңдарман бар кезде, өнерімнің зая кетпегенін сеземін. Кейде бір адамның шынайы алғысы мен ақ тілегі кез келген марапаттан артық болып жатады. Сондықтан мен өз бағамды ең алдымен халықтан алып жүрмін.

Ал мемлекет тарапынан болатын қолдаудың да мен өз орны бар. Алдағы уақытта бұл жағынан да жақсы

жаналықтар болар деп сенемін. Бұйырса, келесі жылы 50 жасқа толамын. Осыған орай көлемді шығармашылық кеш өткізсем деген жоспарым бар. Сол кеш арқылы осы уақытқа дейінгі өнер жолымды саралап, халықпен тағы бір үлкен рухани жүзлесу ұйымдастырғым келеді. Мүмкін сол сәтте еңбегіміз еленіп, белгілі бір деңгейде қолдау мен бағалау да болып қалар деген үміт бар.

– Қазақ ән өнерінің тарихына көз жүгіртсек, композиторлардың басым бөлігі ер адамдар екен. Дегенмен кейінгі жылдары эстрада мен заманауи музыкада әйел сазгерлердің үлесі артып келеді. Әйел адам жазған әндердің эмоциялық әсерінде айырмашылық бар ма?

– Иә, әлеуметтік желіде де осы жайында жазылған дүниелерді оқып қалдым. Шынында да, қазақ музыкасының тарихына үнілсек, композиторлардың басым көпшілігі ер адамдар болғанын байқаймыз. Оның себебі де қоғамның сол кездегі көзқарасы мен тәрбиесіне байланысты болар. Бұрын қазақ ортада әйел адам көбіне отбасы, ошақ қасының берекесін келтіретін жан деген ұстаным бар еді. Сондықтан олардың өнерге еркін араласуына мүмкіндік бола бермеді. Әйел өз талантын толық ашудан бұрын, отбасы мен тұрмыстың жауапкершілігін бірінші орынға қойған.

Дегенмен әйел адамның табиғатында өнер бар. Бесіктегі сәбиді тербетіп отырып айтылатын бесік жырының өзі – әйел ананың туындысы. Яғни әйел заты ежелден ән мен әуенге жақын болған. Тек оны кәсіби деңгейде көрсетуге қоғам мүмкіндік бере қоймаған сияқты.

Мысалы өз анам да бала күнінде домбыра тартуға қызығыпты. Бірақ әжеміз «қыз баланың жолайтын нәрсесі емес» деп домбырасын сындырып тастаған екен. Бұл – сол уақыттағы қоғамның түсінігі. Бұрынғы адамдар қыз баланы өнер жолына аса жұмытпаған. Ал қазір заман өзгерді. Бүгінде талантты қыз-келіншектер шығармашылықпен еркін айналысып, өз өнерін халыққа ұсынып жүр. Бұл, әрине, қуантарлық жағдай.

Қазір еліміздің әр өңірінде ән жазып жүрген өте дарынды қыз-жігіттерді білемін. Талантты жастар

◀ 21 МАМЫР – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

көп. Бірақ солардың ішінде өзіндік үні, қолтаңбасы бар, музыкаға жаңа леп әкеліп жүрген сазгерлер саусакпен санарлық.

Ал әйел адам жазған әндердің эмоциялық әсеріне келсек, айырмашылық бар екені рас. Себебі әйел адамның жан дүниесі нәзік, сезімтал келеді. Сондықтан олардың шығармаларында лирика, ішкі сезім, жүрек күйі көбірек байқалады. Әйелдер көбіне махаббатты, сағынышты, көңілдің толқынын тереңірек жеткізеді. Әрине, лирика жыныс талғамайды, кез келген адам сезім туралы жаза алады. Бірақ әйел жүрегінен туған дүниеде бәрібір бір нәзіктік, жұмсақтық сезіліп тұрады.

Мәселен рух беретін, жігерлендіретін әндерді ер адамдар жиі жазды. Бұл да ер мен әйел табиғатының ерекшелігінен шығар. Себебі ән деген сазгердің мінезі, ішкі әлемі, жанының үні. Әр автор өз болмысын шығармасы арқылы байқатпай қоймайды. Сондықтан әйел мен ер адамның әндеріндегі эмоциялық реңктің әртүрлі болуы заңдылық сияқты.

– Туындыларыңыздың ішінде өзіңіз ерекше жақсы көретін ән қайсысы?

– Негізі, әрбір туындым мен үшін қымбат. Себебі әр ән – өмірімнің белгілі бір кезеңінен, көңіл күйімнен, ішкі толғанысымнан туған дүние. Кейде қуаныштан, кейде мұңнан, кейде сағыныштан туған әндер

уақытта халықты жақсы туындылармен қуанта беремін деген ниеттемін.

– Өнер, шығармашылық жолында өзіңізді ерекше толқытқан сәт немесе есте қалған оқиға туралы айтып берсеңіз.

– Мұндай сәттер өте көп қой. Бірақ адам өмірінде ұмытылмайтын, жүрегіңде мәңгі сақталып қалатын ерекше кезеңдер болады екен. Мен үшін сондай сәттердің бірі – алғаш оқуға түсер кездегі марқұм Әскербек Еңкебаевтың алдында ән айтқаным.


Біз ол кісіні тек теледидардан көріп өскенбіз. Сондай тұлғаның алдында ән айту мен үшін үлкен сынақ, үлкен бақыт та болды. Орындаған әнімді тыңдап болып, «оқуға қабылдандыңыз» деп айтқан сәті әлі күнге дейін есімде. Сол кездегі оның өнеріме берген бағасы, көрсеткен құрметі жүрегімде мәңгі сақталып қалды. Қазір ойласам, шығармашылық жолым дәл сол кісінің батасымен басталғандай көрінеді.

Кейін шығармашылықпен айналысып, ән-дерімді түрлі әнші орындай бастады. Бірақ мені ерекше толқытқан тағы бір сәт – Қазақстанның халық әртісі Мақпал Жүнісова шығармашылығыма назар аударған кезі. Ол кісінің әндеріме жоғары баға беріп, алғашқы туындыларымды орындауы мен үшін үлкен мәртебе еді. Өйткені Мақпал апай қазақ эстрадасында өз орны бар, халық ерекше жақсы көретін әнші. Осындай мықты өнер иесінің сенімі шығармашылық адамына үлкен күш береті екен. Сол әндердің арқасында халықтың да ыстық ықыласын сезіне бастадым. Тыңдарманның жүрегіне жол тауып, әндеріңнің

болады. Сондықтан олардың әрқайсысының менің жүрегімде өз орны бар. Ән жазып отырған сәтте сен өз жаңыңның бір бөлшегін сол туындыға қалдырасың. Сол үшін де ешбір әнімді бөліп жармаймын.

Бұрындары туындыларымыздың ішінде «Мүмкін емес» әнін ғана шоктығы биік туындым деп ерекше бөліп айтатынмын. Дегенмен уақыт өте келе бір әнді екіншісінен артық көріп, бөлектемейтін болдым. Себебі әр туындының өз тағдыры, өз тыңдарманы, өз уақыты бар. Кейбір әнді халық бірден қабылдайды, ал кейбіріннің қадірі жылдар өткен соң білінеді. Соның бәрін көріп жүріп, әр шығармама құрметпен қарауды үйрендім. Мен үшін әр әнім перзентім секілді. Ата-ана баласының бірін артық, бірін кем көрмейтіні сияқты, мен де туындыларымыздың бәрін бірдей жақсы көремін.

– Алты ай бұрын ғана ҚР Президентінің Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталдыңыз. Сол сәтте қандай сезімде болдыңыз және бұл



жоғары марапат шығармашылық жолыңызға қандай серпін берді?

– Иә, «Құрмет» орденіне ұсынылғанымды естігенде ерекше толқидым. Өйткені бұл кез келген өнер адамы үшін үлкен мәртебе, үлкен сенім. Марапаттың атауының өзінде терең мағына жатыр. Бұл тек жеке басымға берілген марапат ретінде емес, өнерімізге, шығармашылық жолда төккен еңбегімізге көрсетілген құрмет ретінде қабылдадым. Мұндай марапатты алу бір жағынан қуаныш болса, екінші жағынан үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы құрметке лайықпын ба, жасап жүрген жұмысым соған сай ма деген сұрақтар мазалап тұрады. Өйткені марапат адамды төкмейілсуге емес, керісінше одан әрі ізденуге жетелеуі керек. Шығармашылыққа бұрынғыдан да тереңірек қарай басталдым.

Бағана айтып өткенімдей, ән – тәрбие құралы. Сондықтан енді жерде жазатын дүниелерім де салмақтырақ, ойлырақ, адамға әсер ететін кесек шығармалар болса екен деп талпынып жүрмін. Себебі халықтың ықыласы мен мемлекет берген құрметке сай болу үлкен міндет. Өнер адамы халықтың жүрегіне жол тауып қана қоймай, оның санасына да сөзге түсіре алуы керек.

Бұл марапат мені жаңа белестерге жігерлендірді десем болады. Әлі де тыңдарманға айтарым көп, жүректен жүрген талай ән бар. Бұйырса, алдағы

халықпен бірге өмір сүріп жатқанын көру – өнер адамы үшін ерекше бақыт. Міне, сондай сәттер шығармашылыққа деген махаббатымды одан сайын арттырады.

Жалпы, шығармашылықтың да өз жолы болады ғой. Оның бастауы бар, қалыптасу кезеңі бар, шарықтау шегі бар. Қазір өзіме қарап отырып, сол шығармашылықтың шарықтау шегіне қарай қадам басып келе жатқандай сезінемін. Алдымда әлі де жүзеге асырғым келетін жоспарлар көп. Бұйырса, үлкен қалаларда көлемді концерттер өткізіп, халықпен жүздесем деген арманым бар. Өнер адамы үшін ең үлкен қуаныш – тыңдарманмен қауышу ғой. Сондықтан алға қойған мақсаттарымының орындалуын, халыққа әлі де жақсы дүниелер ұсына алуымды Алла нәсіп етсін деп тілеймін.

– Сұхбатыңызға алғыс! Шабытыңыз шарықтай берсін!

Әңгімелескен Аружан ОРАЛБАЙ

# РҰҚСАТ БЕРУ ҚҰЖАТЫН ҚАЛАЙ АЛАМЫЗ?

Фармацевтика саласындағы бақылау қатал. Өйткені, әрбір қадамның артында басы ауырып, балтыры сыздап, дертіне дауа іздеген жанның болашағы тұр. Мұндай бақылаумен ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті айналысады.



Бүгінде «Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкетуге келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсету тәртібі де бекітіліп, заң аясында қызмет атқарылууда.

«Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды әкетуге келісім және (немесе) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8

желтоқсандағы № ҚР ДСМ-237/2020 бұйрығымен реттеледі.

Ең әуелі мемлекеттік қызметті көрсету «Электрондық үкімет» веб-порталы (www.egov.kz, www.elicense.kz) арқылы жүзеге асады. Ал ол өтініш берген сәттен бастап үш күнде орындалады. Ішінара автоматтандырылған нысандағы бұл жұмыс тегін жүргізіледі. Айта кетейік, мемлекеттік көрсетілетін қызметке қажетті құжаттар тізбесінде қызмет алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлері бойынша өтініші, жеке басын куәландыратын құжат, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, келісімшарт немесе шарт туралы құжаттар, фармацевтикалық және медициналық қызметке, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен

прекурсорлардың айналымы саласындағы қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензиялар, сондай-ақ, медициналық бұйымдарды көтерме саудада өткізуге арналған қызметтің басталуы туралы хабарлама кіреді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер болған кезде Қазақстан Республикасының 73-бабына сәйкес тыңдау рәсімі жүргізіледі. Қосымша сұрақтар бойынша департаментке (Қызылорда қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, №27, «Денсаулық үйі» ғимарат, 109-кабинет, тел:8 (7242) 23-40-35) хабарласу қажет.

**Наурыз СИСЕНБЕКОВ,**  
ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

## ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл қоғам мүшелерінің жемқорлықты қабылдамауы, оған төзбейі және адалдық пен әділдік қағидаларын ұстануы. Мұндай мәдениет қалыптасқан жағдайда адамдар заңсыз әрекеттерге бармайды және өз құқықтарын қорғауға белсенді қатысады.

Еліміз тәуелсіздік алғалы қоғам алдындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес өзектілігін жойған емес. Күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарынан сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық фактілері орын алғанынан хабардармыз.

құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

Сырдария аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасында сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстары, дөңгелек үстелдер, техникалық сабақтар жүйелі ұйымдастырылып отырады.

Сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтың отбасына, ұжымға, жалпы қоғамға тигізер зардабы жөнінде ұжымда, отбасында ой қозғау, тәрбиелік жұмыстарын

Діни экстремизм – дінді саяси немесе жеке мақсатта пайдаланып, қоғамдағы адамдар арасында өшпенділік пен зорлық-зомбылықты таратуға бағытталған әрекет. Ақсақалдарымыздың «Аңқау елге арамза молда» деуі осыдан шықса керек. Осы ретте экстремистік ұйымдар өздерінің мақсат-мүддесіне жету үшін діни ұғымдарды әртүрлі бағытта бұрмалап түсіндіреді. Олар адамдарды радикалды әрекеттерге итермелеп, заңға қарсы іс жасауға шақырады. Сондықтан діни экстремизм – қоғамның тұрақтылығы мен адамдардың қауіпсіздігіне үлкен қауіп төндіретін қатерлі құбылыс.



## ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ САЛДАРЫНАН АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ШЕКТЕЛУІ

Зайырлы мемлекет – қоғам тұрақтылығын сақтауды көздей, радикалды әрекеттер азаматтардың еркіндігіне, қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Мәселен, адамның өз ойына, ақылына сүйенбей, біреудің ықпалына ерік беріп, соның соңынан соқыр сеніммен еруін өз құқығын шектеудің алғашқы қадамы деуге болады. Діни ілім мен білім іздеуде өз құқығын шектеу көбіне адамның «өзім білемін» деген ұстанымға салынып, кез келген ақпаратты сын тұрғысынан талдамай қабылдауынан туындайды. Бұл туралы қазақ «өзім білемін деген өлер, көп біледі деген күлер» деген

қанатты сөз бар. «Өзім білемін» деген адам ешкімнен ақыл сұрамайды, кеңес тындамайды, сондықтан ол қателікке жиі ұрынады. Ал «көп біледі» деген – шын даналық көптің тәжірибесі мен ортақ ойында екенін аңғартады. Демек, кез келген жағдайда сыни ойлау мен ресми ақпараттарға сүйену адамның өз құқықтарын қорғаудың және қателіктерге бой алдырмаудың кепілі екені сөзсіз.

Діни экстремизм – адам құқықтарын біртұтас теріс әрекет арқылы шектейді. Атап айтқанда, өмір сүру, білім алу, сөз бостандығы және т.б. негізгі құқықтардың бұзылуына алып келеді.

Теріс идеологияның жетегінде кеткен кейбір жастардың оқудан бас тартып жатқанын да естіп жүрміз.

«Оқу – именем құдық қазғандай» деген сөз бар, яғни білім – үлкен еңбекпен келетін құндылық. «Жақсыға ерсең, жетерсің мұратқа, жаманға ерсең, қаларсың ұятқа» демекші кез келген діни ілімді үйренуде сенімді дереккөз пайдаланудың рөлі зор.

**Расул БАЗАРХАНҰЛЫ,**  
Қызылорда облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығының» маманы



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты – қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін қоғамда жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру керек.

Ал мұндай мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбейілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз

жүргізу – өскелең ұрпақ бойыннан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, сыбайлас жемқорлыққа төзбейілікті қалыптастыруда нәтижелі іс болары анық. Себебі тәрбие отбасынан басталады.

**Индира СӘРСЕН,**  
Сырдария аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының маман-бас қазынашысы

## СЕНІМДІ БОЛ, ҚАҚҚАНДА ҚАНАТЫҢДЫ

Өмірге біз сыналу үшін келеміз және осы біздің жолымызда тұратын кішкентай сынақтардың бірі – ҰБТ.

Ұлттық бірінғай тестілеуді жастар өмірдің соңы, ҰБТ-мен өмір тоқтап қалады деп түсінеді. Жок! ҰБТ-мен өмір тоқтап қалмайды, әркімнің жолы, тағдыры әртүрлі: біреуі грантты жеңіп алса, біреуі гранттан да жақсырақ жолға түсіп, өзінің өмірін сүреді. Әрине мемлекеттік грант бұл – ең бірінші ата-ана абыройы және баланың ата-анаға кішкене болсын көмегі.

Грант – шәкіртақы, студенттік өмір, жаңа орта, даму, оқу, мүмкіндіктерді пайдалану. Ең қиыны – ҰБТ-ға дайындалып тақырыпты түсіну емес, ең қиыны – болашағыңды таңдау, болашақта қандай маман иесі боласың және қандай пәндерге қызығасың, осының бәрін шешуші тест деп санаймын. Барлық мамандықты зерттейсің, түсінесің, өзіңді жаңа қырыңнан танысың. Бірақ грантка түспей қалсаң, өмір тоқтамайды, жалғасады!

Мүмкін сені алда жаңа мүмкіндіктер күтуде. Сондықтан өмірге жеңіл қарап үйрену керек. Ал енді

ҰБТ-ға дұрыс дайындалудың жолдарын айтып, өз ойыммен бөлісейін.

Ең алдығысы, жүйелі жоспар: күніне неше тақырыпты меңгеруің керек, қандай тақырыпты қайталауың керек, бәрін жоспар арқылы орындау. Жоспарсыз жоғары балл алу мүмкін емес.

Содан кейін, өзіңе демалыс беру. Қатты беріліп оқығаннан ойың шашырап кету, тақырыпты түсінбеу тәрізді процестер болады. Мұның барлығы миға демалыс бермеуден болады. Ойыңды сабаққа ғана арнамай, достарыңмен серуендеп, ата-анаммен әңгімелесіп, өзіңе көңіл бөлуің керек.

Қосымша курспен де, курсыз да дайындалып, грантка түсіп жатқандар өте көп. Әрине бұл талапкердің өзіне байланысты.

**Қаусар АБДРАСУЛ,**  
11-ші сынып оқушысы



Қай елге барсаң да, адамды өзіне тартатын – оның мәдениеті мен адамдары. Кейде әлемнің жеті кереметінің бірін көзіңмен көрсең де, егер онда жан жылытатын дәстүр мен құрметті адамдар болмаса, көңілде қалған әсер солғын тартып, қызығушылық та бәсеңдейді. Сондықтан елдің шынайы көркі ғимараттарында емес, адамдардың жүрегіндегі жылу мен болмысында. Шерхан Мұртаза өзінің «Ай мен Айша» шығармасында туған жерге деген сағыныш пен махаббатты былай жеткізеді: «Парижде болдым – Парижде түсіме кірмеді. Мысырда болдым – Мысыр түсіме кірмеді. Қытай, Монғолстан, Үндістан, Пәкістан, Иранда болдым. Мұхиттың арғы бетіндегі Техаста, Чикагода, Нью-Йоркте болдым. Олар да түсіме кірмеді. Баяғыда Мәскеуде бес жыл оқыдым – оны да түсімде көрмедім. Түсімде ылғи балалық шағымды көрмін. Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағылыны көрмін. Түсімде ылғи туған ұйымді көрмін». Бұл сөздер арқылы жазушы адамның қай жерде жүрсе де, жүрегі туған жерімен бірге болатынын, нағыз сағыныш пен махаббаттың тек өз еліне ғана бағытталатынын әсерлі түрде сипаттаған. Бізді бір елге қайта баруымыз үшін сол жақта күтетін жандардың болуы маңызды. Мәдениет – адамзаттың тарих бойындағы

рухани құндылықтарының жиынтығы. Әр тұлға өз елінің тарихын, мәдениетін білуі шарт. Жат жерде елінің тарихын өзгелерге дәріптеп, қызықтыра алуымыз қажет.

Көпшілігі айтатын қазақ халқының мәдени ерекшелігі неде? Қазақ халқы тарихқа, табиғатқа бай халық. Туристердің пікірінше мейірімділік, адам-

гершілік, жанашылдық, төзімділік сияқты қасиеттер ұлы даланы мекен еткен қазақ халқының ұлттық болмысында ерекше танылған. Елімізге келген әрбір мейманды дәлел шығарған халық екенімізге дәлел мол. Бұл қасиет көптеген ғасыр бойы қалыптасқан. Бұған Қорқыт ата өсиетін еске түсірсек: «Қонағы

жок қараша үйден құлазыған тұз артық». Қазақ халқы дәулеттің арқасында қонаққа тегін дастарқан жайып, қонақжайлылығымен әлемді мойындатқан жұрт. Осы тұста XIX ғасырдағы неміс зерттеушілерінің бірі Ф.Фон Хелльвальд та былай деп жазды: «Қырғыз–қайсақтар (қазақтар) барынша қонақжай мейірімді келеді. Олардың киіз үйіне кіріп жайғасқан кез келген жаткерлік адамның өзімі біреулер тонап немесе өлтіріп кетеді-ау деп қауіптенбей, алаңсыз ұйықтай беруге әбден болады». Бұл қасиеттер қазақтардың арғы ата-бабалары ежелгі сақ, үйсін, қаңлы, ғұндардан, орта ғасырлық түркілерден дарыған.

Ұлтымыздың мінезіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан жасы үлкенді сыйлау, сөзге беріктік, әйелді құрметтеу сияқты қасиеттер құндылықтарымыздың берік тұғыры саналады. Ш.Уәлиханов: «Қазақтар – дүние-жүзіндегі ең мейірімді халық», – деп жазады. Қазақ халқы дәстүр мен жанашылдықты әрдайым берік ұстанған. Дәстүрлі қазақ қоғамында жасы үлкен адамдарды құрметтеу рәсімі ежелден бар. Ондай құрмет жасы үлкен кісінің қай рудан, қай жүзден, қай ұлттан екеніне қарамай көрсетіледі. Екі қазақ кездесе қалғанда, жасы кішісі үлкеніне бірінші сәлем береді. Үлкенді құрметтеу барлық жағдайда бар. Онымен қоса, ежелден келе жат-

қан әдеп-ғұрыптардың бірі – дәм ауыз тию. Үйге бас сұрқан кез келген адамды дәмнен ауыз тигізбей, батасын алмай жібермейтін. А.Янушкевичтің қазақтардың қонақжайлылығы туралы «Егер экватор сызығын бойлап ылғи қазақ ауылдары қонып отырған болса, мен жер шарын бір тиын ақша жұмсамай айналып шыққан болар едім» деген сөзі дәл айтылған. Жалпы қазақтар арасындағы өзара байланыстарды нығайтып, қоғамның бүтіндігін бекемдеген. Бұл жағынан қазақтар басқалардан көш ілгері тұр.

Түйіндей айтқанда, кез келген елдің шынайы байлығы – оның мәдениеті мен дәстүрінде. Сырт көзді таңғалдырған көрікті жерлер уақыт өте өз әсерін жоғалтуы мүмкін, ал халықтың рухани құндылықтары, салт-дәстүрі мен адамгершілігі мәңгілік маңызын жоймайды. Қазақ халқының да ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті – ұлттың болмысын айқындайтын асыл қазына. Сондықтан, жаһандану дәуірінде өз тамырымызды ұмытпай, ұлттық құндылықтарды сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізу – әрқайсысымыздың басты міндетіміз. Өйткені мәдениеті мен дәстүрін қадірлеген ел ғана өз болашағын нық қалыптастыра алады.

**Назым ЖӘНІБЕК,**  
№268 мектеп-лицейінің оқушысы.  
Жетекшісі: **Базаркүл БАДАНОВА**



Сурет ашық дереккөзден алынды

# ЖЫЛТЫРАҒАН ТЕМІР ЖАЙЛЫ ТАРҚАТСАҚ...



Басы 1-бетте

## КӨРСЕТКІШ КӨТЕРІЛДІ

Жуырда «Kolesa.kz» қосымшасында Қытайдан келген көліктердің пайызы артқаны жариялаған. Яғни, ондағы өнімдердің үлесі 50 пайыздан асқан. Қызығы сол, 2022 жылы Қытайдан келген машиналар барлық хабарландырудың бірнеше пайызын ғана құраса, жапон және көріс маркаларының көрсеткіші 70 пайызға жуық еді. 2025 жылдың аяғына қарай 50 пайыз қытайлардың еншісінде болды. Ал жапон және көріс брендтерінің үлесі 29 пайызға дейін азайды.

Қытай автоөнеркәсібі экспансиясын баяулататын түрі жоқ. 2026 жылдың басында Қазақстанда «Soueast» өнімдері саудаға шықты, MG-дің жұмысы жанданды, BYD топтамасына бірнеше модель қосылды, Lynk & Co 08 гибрид кроссовері жарық көрді. I токсан қорытындысы бойынша Қытайдың жана көліктерін сату туралы хабарландыру саны 61,6 пайыз артты.

Бұл аз десеніз, Changan, Chery, Haval, Geely, Li Auto, Zeekr, Jetour көліктері қаптап тұр. Ал бұлардың бағасы да қолжетімді, заманауи дизайн және технологияларымен сұранысқа ие. Соның ішінде Changan, Chery, Haval көліктері Қостанай және Алматы қалаларындағы зауыттарда отандық құрастырудан өтеді.

2023 жылға қарай Қазақстанда он жылдан асқан машиналардың үлесі – 80%, 20 жылдан асқан машиналардың үлесі 56%-ды құрайды. Ал 3 жылдан аспайтын жаңа көліктердің үлесі небәрі – 8,2 пайыз. «Jusan Analytics» сарапшыларының зерттеуінде кейінгі 20 жылда елдегі автокөліктер саны үш есе өскені айтылған. Мысалы, 2003 жылғы 1,14 миллионнан 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3,9 миллионға дейін жеткен. Рекордты көрсеткіш 2014 жылдың ортасында 4 миллион данадан астам болып тіркеліпті. Бұл рубль доллар мен теңгеге қатысты әлсіреген түспен сәйкес келеді.

Нақты деректерге сүйенсек, осы жылдың жеті айында елімізде ең танымал Hyundai, Chevrolet және Kia секілді автобрендтердің сатылымы анағұрлым азайған. Есесіне, қытайлық көліктердің сатылым қарқыны күшейіп отырған сыңайлы.

Қазақстан автомобильдері одағы (КАО), автокөлік дилерлері 2023 жылы 200 мыңға жуық жаңа автокөлікті сатып, алдыңғы жылмен салыстырғанда +60% жоғары нәтижеге қол жеткізген керемет көрсеткішті әлі де ұстап келе жатқанын айтып отыр. Осы арада нарықты өткен жыл деңгейінде ұстап тұруға қытайлық көліктердің үлесі көп екенін байқайсыз.

Қазақстан автомобиль одағының мәліметінше, 2024 жылдың жеті айында Chery және Haval автокөліктері сатылымының өсімі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 50%-ды құраса, ал JAC тіпті екі есе өскен. Ал кейінгі екі жылда Changan автокөлігінің сатылымы өте жоғары. Бұл брендтерден басқа, сатылым көшбасшыларының ондығына Jetour және Geely секілді көліктер де кіріп отырғаны көрінеді.

Қазақстан автомобиль одағының басшысы Анар Мақашеваның айтуынша, қазір үлкен өсім көрсетіп отырған қытай брендтері, былтырғы жылдың есепті мерзімінде нарыққа енді шықса керек немесе өз көлемін жаңадан өсіре бастаған болуы керек.

– Отандық тауар өндірушілер алдағы уақытта да жетекші позицияларды сақтайды. Қазір қазақстандық өндірушілер уақытша статистикалық құлдырауды бастан кешіруде, өйткені өткен жылы олардың көрсеткіштері өте жоғары болды. Бұл әртүрлі себептермен нарықта кешіктірілген сұраныстың болуына байланысты. Ал одан кейін нарық стандартты сатылыммен қалыпты жағдайға оралады. Сондықтан салыстыру кезінде құлдыраудың байқалуы заңдылық. Бірақ іс жүзінде отандық брендтер де жетекші орынға ие, – деп сендіріп отыр КАО президенті.

Десек те, ел нарығына қытай көліктерінің қаптап келуіне не себеп деген мәселеге оралсақ, «қытайлықтар» сатуды ынталандыратын қаржылық өнімдердің әртүрлі пакетін ұсына

отырып, бюджеттік сегменттегі қолжетімділіктің арқасында өз үлесін арттыруда екен. Өйткені, нарықтағы тауашаны біреу толтыруы керек еді, мұны қытайлық көлік брендтері толтырып жатыр, олар қарапайым бюджеттік, сапалы әрі бағасы қолжетімді.

– Бүгінде қазақстандық сатып алушылар ҚХР-дың көптеген автомобилі өздерінің аса беделді бәсекелестерінен еш кем түспейтінін біліп алды. Қытайлық брендтердің танымалдылығы автомобильдердің технологиясына және баға мен сапа арасындағы оңтайлы теңгерімге байланысты артып келеді.

Ақылыға қонымды ақшаға қытайлық өндірушілер дизайны стильді, жайлы, белсенді қауіпсіздікті қамтамасыз ететін опциялардың кең ауқымын, сондай-ақ озық технологиялық шешімдерді ұсынып отыр. Сонымен қатар тартымды кепілдік шарттары, уәкілетті дилерлік орталықтардың кең желісі және қосалқы бөлшектер түпнұсқасының көптеп болуы сияқты артықшылықтарын да атауға болады. Қытайлық брендтерге

Қазақстанның автонарығын талдау және мониторинг орталығының бас директоры Артур Мискарянның пікірінше, қытайлық компаниялар Қазақстанда сатылымды арттыруды жалғастырады. Сонымен қатар, Қазақстанда төменгі емес, орташа баға сегментіндегі автомобильдер сатылатынын атап өтті: олар еуропалық және жапондық өндірушілердің шығарылған модельдерін алмастырады. Біздің нарықта арзан «қытайлық көліктер» жоқ. Ішкі нарығында кейбір жергілікті өндірушілер көп жағдайда арзан әрі шағын жиынтықтағы электрлі көліктер модельдерін ұсынады. ҚХР мұндай техникаға тұтынушылық сұранысты ынталандырып келді. Сарапшылардың айтуынша, әдетте мұндай модельдері тұтынушылық қасиеттер жиынтығына, техникалық сипаттамаларына, сондай-ақ қауіпсіздік талаптарына байланысты Қытайдан тыс нарықтарда сертификатталмайды.

## ҚЫТАЙДА КӨЛІК КӨП, ЖЕТКІЗУ ҚИЫН

Қытайдың көліктері елімізде ғана емес, әлемдік нарықта да айтарлықтай сұранысқа ие бола бастаған. «Moody's» агенттігінің мәліметтері бойынша, Қытай автокөліктерінің жылдық экспорты 2021 жылы Оңтүстік Кореяны, 2022 жылы Германияны, ал 2023 Жапонияны басып озған. Бұл көрсеткіш әлі де жоғарылама, төмендемейді.

«Financial Times» басылымы бұл бетбұрыс еуропалық, америкалық, жапон мен оңтүстік корейлік компаниялардың үстемдігінің аяқталғанын білдіреді десе, «The New York Times» Қытайдың автокөлік экспортын шектеп отырған тасымал кемелерінің жеткіліксіздігі деп жазады. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, елдің автомобиль өнеркәсібіндегі терең құрылымдық проблемалар оның жаһандық нарықта үстемдік етуіне алғышарт болып отыр.

Соңғы

мәліметтерге

сәйкес, жиһаздан бастап тұрмыстық электроникаға дейінгі қытайлық тауарлардың жалпы экспорты 2023 жылдан бері төмендеген болса, Қытайдың автомобиль өнеркәсібі кейінгі үш жылдың ішінде экспортты төрт есеге арттырған.

Қытайдың көптеген тауарының экспорты құлдыраса да, шетелге тасымалданатын автокөліктер саны азаймай тұр. Керісінше, өз халқы бас тартып жатқан бензинмен жұмыс істейтін автомобильдердің шетелдік сатылымы айтарлықтай өскенін атап өту қажет.

Қытай зауыттарындағы өндіріс пен жергілікті сұраныс арасындағы сәйкессіздік ішінара қате болжамның нәтижесі дейді мамандар. Себебі нарықта ішкі жану қозғалтқыштары бар автомобильдер сұранысы күрт төмендеп, ал электромобильдерге деген қызығушылық керісінше арта түскен. Дегенмен барған сайын урбанизациялана түскен ондағы қала халқы бірлескен жолаушылық сервистерді құп көріп, электр көліктеріне де сұраныс бәсеңдеген.

Қытайдағы Chrysler-дің бұрынғы басшысы Билл Руссо осы құбылыстың салдарынан елде автоөнеркәсіптің қуаттылығы жоғары зауыттары қажетсіз қалу қаупіне ұшырағанын айтады. Елдегі жеке секторды қолдаушы өнеркәсіптік саясат пен инвестициялар Қытайдың осы саладағы бәсекеге қабілеттілігін арттырғаны сөзсіз. Отандық өндірушілер, соның ішінде электр көліктер бойынша чемпион саналатын BYD қазір шетелдік автомобиль өндірушілерден асып түсіп, тіпті сыртқы нарықтарға назар аудара бастаған.



Соңғы мәліметтерге сәйкес, жиһаздан бастап тұрмыстық электроникаға дейінгі қытайлық тауарлардың жалпы экспорты 2023 жылдан бері төмендеген болса, Қытайдың автомобиль өнеркәсібі кейінгі үш жылдың ішінде экспортты төрт есеге арттырған. Қытайдың көптеген тауарының экспорты құлдыраса да, шетелге тасымалданатын автокөліктер саны азаймай тұр. Керісінше, өз халқы бас тартып жатқан бензинмен жұмыс істейтін автомобильдердің шетелдік сатылымы айтарлықтай өскенін атап өту қажет.

Қорытындылай келе, қытай көліктері бүгінде қолжетімді бағасы, заманауи технологиясы және түр-түрінің көптігі арқылы нарықтағы орнын нығайтты. Сапасы да бұрынғыдай емес, жылдан-жылға жақсарып келеді. Дегенмен, кей модельдерге қатысты сенім, қосалқы бөлшек пен ұзақ мерзімді төзімділік мәселелері әлі де талқылануда. Сондықтан көлік таңдауда бағаға ғана емес, сапа мен қауіпсіздікке де мән берген жөн.

Нұр БАҚЫТ

Сурет ашық дереккөзден алынды

**2023 жылға қарай Қазақстанда он жылдан асқан машиналардың үлесі – 80%, 20 жылдан асқан машиналардың үлесі 56%-ды құрайды. Ал 3 жылдан аспайтын жаңа көліктердің үлесі небәрі – 8,2 пайыз.**

**«Jusan Analytics» сарапшыларының зерттеуінде кейінгі 20 жылда елдегі автокөліктер саны үш есе өскені айтылған. Мысалы, 2003 жылғы 1,14 миллионнан 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3,9 миллионға дейін жеткен. Рекордты көрсеткіш 2014 жылдың ортасында 4 миллион данадан астам болып тіркеліпті. Бұл рубль доллар мен теңгеге қатысты әлсіреген түспен сәйкес келеді.**

тартымды және пайдалы қаржылық бағдарламалар бар. Міне, осының бәрі қытай көліктерінің ел нарығын жаулап, сатып алушылар сұранысын арттыруға ықпал етіп отыр дегенге саяды, – дейді қытай брендтерін сатумен айналысатын компания өкілдері.

## АРЗАН КӨЛІКТІ ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕЙДІ


Қытай көліктері келгелі бірсыпыра корей мен жапон көліктерінің сұранысы төмендегені белгілі болды ғой. Оған қоса арзан көліктерді де тығырыққа тіреп, сатылымын төмендеткені тағы бар. Әріден бақылайтын болсақ, 2008 жылы елге оң рульді автомобильдерді әкелуге тыйым салынғандықтан, импорт екі есе төмендеді. 2010 жылы Қазақстан Кеден одағына кіргеннен бастап «ескі» көліктерге салынатын кедендік баж айтарлықтай өсіп, он жылдан аса пайдаланылған автокөлік импорты тиімсіз бола түсті.

**«Отандық тауар өндірушілер алдағы уақытта да жетекші позицияларды сақтайды. Қазір қазақстандық өндірушілер уақытша статистикалық құлдырауды бастан кешіруде, өйткені өткен жылы олардың көрсеткіштері өте жоғары болды. Бұл әртүрлі себептермен нарықта кешіктірілген сұраныстың болуына байланысты. Ал одан кейін нарық стандартты сатылыммен қалыпты жағдайға оралады. Сондықтан салыстыру кезінде құлдыраудың байқалуы заңдылық. Бірақ іс жүзінде отандық брендтер де жетекші орынға ие».**



Сарапшылар 2014-2015 жылдардағы жағдайды ерекше атап өтеді. Бұл кезде рубльдің теңгеге әлсіреуіне байланысты Ресейден салыстырмалы түрде төмен бағамен екі есе көптеген жаңа және пайдаланылған машина әкелінді. 2016 жылы алғашқы тіркеу және кәдеге жарату үшін төлем енгізілгеннен кейін Қазақстанға үш жылдан асқан машиналарды әкелу өте қымбатқа түсті. Осыдан бастап Қазақстанның автомобиль нарығы негізінен отандық өндіріс немесе жаңа автомобильдер импорты есебінен толтырыла бастады. Сонымен қатар елде сапалы және арзан автокөліктердің тапшылығы пайда болды.





# ИННОВАЦИЯ — ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Төтенше жағдайда белгі беру, көмекке шақыру және дер кезінде әрекет ету енді көп уақытты талап етпейді. Сіз кез келген оқыс оқиғаның куәгері болсаңыз, өзге жандарды да қауіп-қатерден сақтай аласыз. Біздің қоғамда адам өмірі мен оның қауіпсіздігі – әрдайым ерекше маңызға ие. Кейінгі жылдары қарқынды урбандалу нәтижесінде қаладағы көліктер мен қауіп төндіретін жайттар саны арты. Статистикаға сүйенсек, тек 2024 жылдың өзінде Қазақстан аумағында 11 500-ден астам өрт оқиғасы және 5500-ден астам табиғи өрі техногендік сипаттағы төтенше жағдай тіркелген екен. «Біздің бұл ауқымды жобаны жүзеге асырудағы басты мақсатымыз – жаңа заманның озық технологияларын қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиімді қолдану», – деп бастады өз сөзін жоба авторларының бірі Данияр.



Бұл бірегей жобаның ресми атауы – «Қалада орын алған оқиғаларды хабарлайтын дабыл жүйесі». Заманауи стартаптың авторлары – Назарбаев зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушылары Данияр Ақдәулетов, Әлішер Романқұл және Әлтайыр Төлеген. Олар мектеп қабырғасында жүргеніне қарамастан, ел игілігіне жарайтын, ауқымды әрі жоғары технологиялық жобаның авторы атануы көңілге үлкен мақтанш пен жарқын болашаққа сенім ұялатады.

Аталған отандық технология арнайы веб-қосымша негізінде жұмыс істейді. Жүйенің техникалық мүмкіндіктері мен қызметі туралы бізге Әлішер егжей-тегжейлі айтып берді:

– Жүйе өрт пен жол-көлік оқиғаларын лезде анықтау үшін «YOLOv8» моделін пайдаланады. Төтенше жағдайға күз болған адам орналасқан жерге қатысты хабарламалар алу үшін бақылау периметрлерін метрлік дәлдікпен белгілей алады. Сондай-ақ, тұрғындар оқиға орнынан фото немесе видео жүктеп, жаңа оқиға оқиғаны тікелей картаға жүктейді, – деді ол.

Басқа ақпараттық қызмет көздері немесе құтқарушылар тек куәгерлердің қонырау шалуы мен берген есептеріне 100% тәуелді болса, бұл

жүйе машиналық оқыту модельдері арқылы қауіпті апатты адамның көмегінсіз анықтайды. Маңызды хабарламалар жүйе арқылы қолданушыға 50 миллисекундтан аз уақыт ішінде жетеді. Яғни хат пайдаланушының телефонына төтенше жағдай тіркелген сәтте-ақ ескерту болып түседі.

Әрине, кез келген үлкен бастама қиындықсыз жүзеге аспайтыны белгілі. Жас өнертапқыш жігіттердің айтуынша, жүйені толыққанды іске қосып, бағдарламалық кодты жазбас бұрын, қала тұрғындарының қажеттіліктері мен әрбір төтенше жағдайдың техникалық ерекшелігін жіті зерттеу керек болған. Әр апаттың табиғаты өзгеше болғандықтан, қосымшаның техникалық талаптары мен атқаратын міндеттерін алдын ала енгізу алғашқы кезеңде едәуір қиындық тудырған. Алайда шыдамдылық пен білімнің арқасында бұл кедергілер де сәтті еңсерілді.

Цифрлық әлемде жалған ақпарат пен фейк дабылдардың болу қаупі де жоғары. «Осы мәселені қалай шештіңіздер?» деген сауалымызға Әлтайырдың берген жауабы бізді таң қалдырды.

– Бұл мәселенің алдын алу үшін біз жүйеге арнайы алгоритмдік баптаулар мен шектеулер

енгіздік. Кез келген тұрғын картада оқиғаны геолокациясы сәйкес келген жағдайға ғана белгілей алады. Яғни картада апатты белгілеп, дабыл қағу үшін қолданушы сол жағдайдың тікелей куәгері болуы шарт. Бұл қала ішіндегі қасақана орындалатын кибер-бұзақылық пен жалған ақпарат ағынын бұғаттайды, – деді Әлтайыр.

Жобаға үлкен үміт артуға болады. Болашақта жігіттер қосымшаны қолданысқа енгізіп, ауқымды тестілеу жұмыстарын өткізуді жоспарлап отыр. Жас ғалымдар жүйені одан әрі дамыту барысында сервистің тиімділігін алға тартуды көздейді. Ендеше, төтенше жағдайда лезде көмек алатын кез жақындап келеді.

Мерей ШӘКРАТ

Сәулет тарихында адамзатты таңғалдыруы тиіс болғанымен, түрлі себеппен аяқталмай қалған жобалар өте көп. Кейбірі экономикалық дағдарыстан, енді бірі саяси өзгерістер мен инженерлік қиындықтардың кесірінен тоқтап қалды. Жылдар бойы қаңырап бос тұрған алып нысандар уақыт өте келе «орындалмай қалған армандардың» символына айналды. Дегенмен арада ондаған жыл өтсе де, кейбір жобалар қайта жанданып, жаңа форматта өмірін жалғастырған. Бүгін әлемдегі ерекше әрі ұзаққа созылған құрылыстар жайлы сөз қозғаймыз.



КОЛЛАЖ А.НҰР

## Чикаго шпилі: аспанмен таласқан алып ғимарат

«Чикаго шпилі» жобасы бір кездері сәулет әлеміндегі ең үлкен сенсациялардың бірі болуы тиіс еді. Биіктігі 600 метрден асатын 150 қабатты алып мұнара тек Батыс жарты шардағы ең биік ғимарат қана емес, Чикагоның жаңа символына айналуы керек болатын. Жобаның авторы – футуристік стилімен әлемге танылған испан сәулетшісі Сантьяго Калатрава.

Құрылыс 2007 жылы басталып, алғашқы кезеңде нысанның терең іргетасы дайындалды. Ғимарат желте тәзімді болуы үшін жер астына ондаған метрлік алып ішкі құрылыс қазылған еді. Алайда арада бір жыл өткенде әлемдік қаржы дағдарысы басталып, инвесторлар жобадан бас тартты. Кейін жағдай сот дауына ұласып, сәулетші төленбеген қаламақы үшін шағым түсірді. Ал құрылыс алаңы ұзақ уақыт бойы қаңырап бос жатты. Жергілікті тұрғындар оны әзіздей «Американың ең қымбат бассейні» деп атайтын болған.

Бастапқыда элиталық тұрғын үй ретінде жоспарланған мұнарадағы пәтерлердің бағасы бірнеше миллион долларға жеткен. Сұраныс жоғары болғанымен, ол жобаны қаржылық күйреуден құтқара алмады. Кейін

аумақты басқа компания сатып алып, рекорд орнататын мұнара идеясынан бас тартты. Қазір бұл жерде қарапайым екі тұрғын үй кешені салынып жатыр.

## Рюген қонақ үйі: Солтүстік Кореяның аяқталмаған символы

Рюген қонақ үйі бүгінде Пхеньяның ең танымал нысандарының біріне айналған. Сонымен қатар ол орындалмай қалған үміттердің де белгісі іспетті. Қонақ үй құрылысы 1987 жылы басталған. Биіктігі 330 метр болатын үшкір пирамида тәрізді ғимарат Солтүстік Корея экономикасының қуатын көрсетуі тиіс еді. Жоба бойынша мұнда үш мыңнан астам бөлме, айналмалы мейрамханалар және сол кезең үшін заманауи инфрақұрылым қарастырылған.

1992 жылы ғимараттың бетон қаңқасы толық аяқталғанымен, құрылыс сол күйі тоқтап қалды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қаржылық әрі техникалық қолдаудан айырылған алып нысан жиырма жылға жуық бос тұрды. Терезесіз, әрлеусіз қалған мұнараны көпшілік «әлемдегі ең биік қаңырап қалған ғимарат» деп атады. Тек 2008 жылы құрылыс қайта жанданды. Ғимараттың сырты әйнекпен қапталып, 2011 жылға қарай мұнара сырт көзге толық аяқталған нысанға ұқсай бастады.

# О РЫНДАЛМАҒАН АРМАН АЯҚТАЛМАҒАН ҒИМАРАТТАР

Кейін жоғарғы қабаттарына жарық диодты экрандар орнатылып, түрлі бейнеролик көрсетілетін болды. Соған қарамастан, ғимараттың ішкі бөлігі әлі күнге дейін толық аяқталмаған. Сарапшылардың пікірінше, инженерлік жүйелер мен ішкі жоспарлау ескіріп кеткен.

## Конфинансас орталығы: қараусыз қалған қалашық

Венесуэланың Каракас қаласындағы Конфинансас қаржы орталығы бастапқыда елдің экономикалық өрлеуінің символы ретінде салынған. Жоба аясында банктер, кеңселер, бірнеше ғимарат пен тіпті тікұшақ алаңы болуы тиіс еді. Алайда негізгі инвестордың қазасы мен 1994 жылғы банктік дағдарыстан кейін құрылыс тоқтап қалды. Нәтижесінде лифтсіз, қасбетсіз, инженерлік жүйесіз бетон қаңқа ғана қалды.

Біраз уақыт өткен соң бос тұрған ғимаратқа сквоттерлер қоныстана бастады. Уақыт өте келе мұнда өзіндік қалашық қалыптасты. Тұрғындар электр желісін тартып, дүкендер, шеберханалар, спорт залдарын ашқан. Төменгі қабаттар автотұраққа айналса, жоғарғы қабаттарға адамдар аяқпен немесе мотоциклмен көтерілген.

2014 жылы билік тұрғындарды біртіндеп көшіру жұмыстарын бастады. Ғимаратты қайта жөндеп, шетелдік инвесторларға ұсыну жоспары болғанымен, елдегі экономикалық жағдай оған мүмкіндік бермеді. Ал 2018 жылғы жер сілкінісі нысанға қосымша зақым келтіріп, оның болашағын одан әрі бұлыңғыр етті.

## Dubai Creek Harbour мұнарасы: рекордтан бас тартқан жоба

Dubai Creek Harbour Tower жобасы Дубайдың көркіне көрік қосатын ғимарат болуы тиіс еді. Бастапқы жоспар бойынша мұнараның биіктігі шамамен 1300 метрге жетіп, әлемдегі ең биік құрылыс болуы керек-ті. Классикалық зәулім ғимараттан ерекшелігі – мұнара тірек арқандар арқылы ұсталып тұратын ерекше пішінде жобаланған.

Құрылыс 2016 жылы басталып, екі жылдан кейін алып іргетас дайын болды. Нысанды «Expo – 2020» көрмесіне дейін аяқтау жоспарланған. Алайда жоба бірнеше рет қайта қаралып, пандемия салдарынан жұмыс баяулады. Бүгінде құрылыс қайта жанданып келеді. Бірақ мердігерлер бастапқы рекордтық биіктік идеясынан бас тартқан. Енді мұнда кеңсе және тұрғын үй қабаттары, биіктегі бақтар мен панорамалық алаңдар салу жоспарланып отыр.

Жұмысы ұзаққа созылған нысандар адамзаттың шексіз қиялы мен амбициясын көрсеткенімен, кез келген ауқымды идеяның тағдыры экономикаға, саясатқа және уақытқа тәуелді екенін дәлелдегендей. Кейбір жобалар тарих бетінде тек сызба күйінде қалса, енді бірі ондаған жылдан кейін жаңа сипатта қайта келіп жатыр.

Аружан Маратқызы

ГАЗЕТИМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ 30 МАМЫР, СЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ

## Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР  
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы  
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary.kz@mail.ru  
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:  
Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 5111  
Тапсырыс: 849